# Түзеу мекемелерінің ішкі тәртіп Ережелерін бекіту туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2001 жылғы 11 желтоқсандағы N 148 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 29 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 1720. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2012 жылғы 29 наурыздағы № 182 Бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2012.03.29 № 182 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбына өзгеріс енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2009.06.29 N 78 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі түзеу мекемелерінің қызметін бұдан әрі жетілдіру қылмыстық-атқару заңнамасын жүзеге асыру мақсатында **Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н** :

1. Түзеу мекемелерінің ішкі тәртіп ережелері бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Қазақстан Республикасы Әділет министірлігі қылмыстық-атқару жүйесі Комитетіне, осы Ережелердің іс жүзінде қатаң қолдануын қамтамасыз етсін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2009.06.29 N 78 бұйрығымен.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі ҚАЖ Комитетіне жүктелсін.

4. Бұйрық 2002 жылдың 1 қаңтарынан бастап іске енеді.

*Министр*

"Келісілген"
Қазақстан Республикасының
Бас прокуратурасы

2001 жылғы 19 желтоқсан

## Түзеу мекемелерінің ішкі тәртіп Ережелері

## 1-Тарау. Жалпы ережелер

1. Түзеу мекемелеріндегі ішкі тәртіптің осы Ережелері (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасы қылмыстық-атқару кодексінің негізінде бас

бостандығынан айыру түріндегі жазаны атқару және өтеудің заңмен қарастырылған тәртіптері мен шарттарын іске асыру үшін, сотталғандардың заңды мүдделерін, құқықтарын қорғау үшін неғұрлым қолайлы жағдай тудыру мақсатында мекемелер қызметін реттейді.

2. Осы Ережені бұзған адам белгіленген тәртіппен іске енген заңнамамен жауапқа тартылады.

## 2-Тарау. Сотталғандарды түзеу мекемелеріне қабылдау тәртібі

## 1. Сотталғандарды түзеу мекемелеріне қабылдау

3. Сотталғандарды ТМ-не қабылдауды колония бастығының кезекші көмекшісі (түрмеде-түрме бастығының кезекші көмекшісі, мекеменің арнайы бөлім мен медициналық бөлім қызметкерлерінің міндетті түрде қатысуымен жүзеге асырады. <*>

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 8 маусымдағы N 173 бұйрығымен.

3-1. Өмір бойы бас бостандығынан айыруға және өлім жазасына сотталғандарды (бұдан әрі - ӨБА-ға және ӨЖ-ға) қабылдауды мекеме басшылығы, мекеме бастығының кезекші көмекшісі жүзеге асырады, онда сотталғандар тарапынан заңсыз әрекеттерді болдырмау мақсатында резерв тобының бақылаушылары, жедел-режим құрамы және мекеменің медицина бөлімі қызметкері қатысады.

Ескерту: 3-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің 2004.05.27 N 154, өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің м.а. 2010.09.27 N 268 (ресми жариялаған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрықтарымен.

4. Сотталғандарды ТМ-не қабылдау кезінде мекемелердің КБКК қағаз пакеттерге салынған және мөрленген жеке істерінің түгелдігін (жеке басын куәландыратын құжаттар, мамандығының болуы туралы куәлігі, медициналық картасы және басқа да жеке ісі жөніндегі құжаттар), келген сотталғандар киімінің маусым бойынша сай болуы тексеріп және олардың келген сотталғандардікі екенін анықтайды. Қағаз пакеті немесе мөртаңбасы бұзылған жағдайларында қарауыл бастығымен бірлесіп акт жасалады.

ТМ-не келген сотталғандардың маусым бойынша киімі, сотталғандардың суреті, сауалнама деректерінің жеке ісі бойынша анықтаманың сәйкес келмеуі, жеке істерінде құжаттары, денсаулық жағдайы туралы медициналық қорытындысы болмаған кезде, комиссия акті жасайды және оны шаралар

қолдану үшін сатылап жібереді (13-қосымша).

Ескерту: 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2004.08.24. N 240, 2007.10.02. N 273 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Бұйрықтарымен.

5. ТМ-не келген сотталғандардың мәліметтері нақтыланған соң, КБКК және бақылаушы нарядымен карантиндік үй-жайға (ӨБА-ға және ӨЖ-ға сотталғандарға олардың ТМ объектілерінің орналасқан жерін есте сақтауын болдырмау мақсатында алдын-ала көздеріне селдір матадан шүберек кигізіледі) тұлғаларға енгізіп, оларды толық тінтіп, оларға тиісті заттар қараудан өтеді. Бас бостандығынан айыру жазасына сотталғандардың пайдалануына және оларға сатуға тыйым салынған, сондай-ақ сотталғандарға өздерімен алып жүруге, посылкамен, сәлемдемемен (2-қосымша) алуға және ТМ-нің дүкенінен алуға рұқсат етілген заттар мен бұйымдар Тізімінде қарастырылмаған заттар, бұйымдар, құжаттар және тамақ өнімдері (1-қосымша)/1 белгіленген тәртіппен алып қойылады, сақтау үшін тапсырылады немесе қылмыстық-атқару заңнамасы белгіленген тәртіпте жойылады.

Ескерту: 5-тармаққа толықтыру енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 27 мамырдағы N 154 бұйрығымен.

6. Медициналық қызметкер дене жарақаттарын жұқпалы ауру белгілерін анықтау мақсатында сотталғандардың сыртқы қарауын өткізеді. Дене жарақаттары анықталған факті туралы кешіктірілмей жазбаша түрде қадағалаушы прокурорға хабарланады. Сонан соң сотталғандардың шомылуы мен толық санитарлық тазарту іске асырылады. Сосын сотталғандар карантин бөлімшесіне орналастырылады, онда оларға 15 тәулікке дейін медициналық бақылау белгіленеді, медициналық тексеру жүргізіледі. Мекеме психологтары жаңа келген сотталғандардың жеке тұлғасын зерттеу, оларды жаңа жағдайға бейімдеу бойынша жұмыс жүргізеді. Өз-өзіне қол жұмсауға, қасақана өз-өзіне қандай да бір жарақат салуға және басқа да заңсыз әрекеттерге бейім адамдарды анықтайды. Зерделеу нәтижелері бойынша жаңа келген сотталғанның әрбіріне психологиялық портрет құралады, олармен жұмыс істеу жөнінде түзеу мекемесінің қызметіне тиісті ұсынымдар енгізеді. Осы мерзім ішінде жұқпалы ауру анықталған жағдайда, олар дереу оқшауландырылады және мекемеде эпидемияға қарсы кешенді шаралар жүргізіледі.

Ескерту: 6-тармаққа толықтыру енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 27 мамырдағы N 154 бұйрығымен.

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2004.06.08. N 173, 2007.10.02. N 273 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2010.02.25 N 66 Бұйрықтарымен.

6-1. Қоныс-колонияларында сотталғандар медициналық тексерілу және

емделу мақсатында денсаулық сақтау мекемелеріне жіберіледі.

Ескерту: 6-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің м.а. 2010.09.27 N 268 (ресми жариялаған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

7. Карантиндік үй-жайда жатқан кезде сотталғандар Қазақстан Республикасының заңдарында және осы Ережеде белгіленген жаза өтеу тәртіптерімен және шарттарымен, өздерінің құқықтарымен және міндеттерімен қолын қойып танысып, жаза өтеу режимін бұзғаны үшін қолданылатын жауапкершілік туралы ескертіледі. Оларға ТМ-де қадағалау және бақылау (оқшаулау) техникалық құралдары, ал қажет болған жағдайда заңдарда қарастырылған күш, арнаулы құралдар, қару және арнаулы бөлімшелер қолданылатыны түсіндіріледі.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007.10.02. N 273 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

7-1. Бұрын жазасын өтеген мекемеден тыс қандай да бір себептермен кеткен сотталғанды қабылдау, осы тараудың 3-7-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту: 7-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің м.а. 2010.09.27 N 268 (ресми жариялаған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

8. Сотталғандарды отрядтарға (бөлімшелерге, камераларға) бөлу туралы шешімін олардың жеке бастарының ерекшеліктерін, еңбекке тартылуын, жалпы және кәсіптік білім беру жүйесінде оқытуды ескере отырып, келген күннен бастап бір тәулік мерзімінде, демалыс пен мереке күндерінен басқа, ТМ бастығы жетекшілік ететін түзеу мекемесінің комиссиясы қабылдайды. Комиссия құрамына түзеу мекемесі бастығының орынбасарлары, күзет, жедел, режимді, тәрбие, арнайы, медициналық, психологиялық, өндірістік және басқа да қызметтердің өкілдері енеді. Тәрбие колонияларында комиссия құрамына бұдан басқа жалпы білім беретін мектептердің, өндірістік-техникалық училищелердің қызметкерлері кіреді. Комиссияның пікірлескен шешімімен мекеме бастығының бұйрығымен шығарылады.

9. Сотталғандар түзеу мекемесіне келген соң 10 тәуліктен кешіктірмей, өзінің қалауы бойынша туысқандарының біріне мекеменің пошталық мекен-жайы, сотталғандардың посылкалар, сәлемдемелер және бандерольдер арқылы алуына рұқсат етілетін тамақ өнімдері мен бірінші кезекте қажетті заттардың тізбесі, хат жазысу, ақша алу мен жіберу, сыртқа шығу, кездесу тәртіптерінің негізгі талаптары, сотталғанның телефонмен сөйлесу құқығы көрсетілген хабарлама жіберіледі.

## 3-Тарау. Түзеу мекемелерінде жазасын өтеуші сотталғандардың құқықтық жағдайлары

## 2. Сотталғандардың түзеу мекемелеріндегі жүріс-тұрыстарының негізгі ережелері

10. ҚАК бойынша сотталғандардың құқығы бар:

1) мекеме қосалқысы тарабынан адамдық оң қасиеттеріне;

2) өздерінің құқықтары мен міндеттері туралы, сот тағайындаған жаза түрін, сондай-ақ жазаны өтеу тәртібі мен шарттарының өзгеруі туралы өтеудің шарттары мен тәртіптері туралы түзеу мекемелерінің әкімшілігінен ақпарат алуға . Егер сотталған дене кемшілігіне, науқастығына байланысты немесе оқу мен жазуға үйренбесе, қол қою арқылы ақпаратпен таныса алмаса (мүгедек, көру қызметінің бұзылуы, жоғарғы буындарының жоқ болуы және т.б.), онда ақпарат ауызша түрде ұсынылады;

3) белгіленген жүріс-тұрыс тәртібін бұзбай, күн тәртібінде қарастырылған жеке уақытын пайдалануға;

4) мекеменің немесе жазалауды орындаушы органның әкімшілігіне, жазалауды орындаушы органдар мен мекемелерден жоғары тұрған басқару органдарына, сотқа, прокуратура органдарына, өзге де мемлекеттік органдарға, қоғамдық бірлестіктерге, сондай-ақ адам құқығы мен бостандығын қорғау жөніндегі халықаралық ұйымдарға ауызша және жазбаша ұсыныстар, өтініштер беруге және шағым жасауға;

5) сотталғандар - Қазақстан Республикасы азаматтары өз ана тілінде немесе орыс тілінде әлде өзі білетін кез-келген басқа тілде түсінік беруге және хат-хабар алысуға. Сотталғандар - шетел азаматтары және азаматтығы жоқ тұлғалар өз ана тілінде немесе білетін басқа тілде қажет болған жағдайда аудармашының қызметін пайдалануға. Сотталғандарға жауап өтініш жасаған тілінде қайтарылады. Өтініш жасаған тілде жауап қайтаруға мүмкіндік болмаған жағдайда жауап Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілінде немесе орыс тілінде беріледі;

6) Бас бостандығынан айрылған сотталған шетел азаматтары және шетелдіктер өз мемлекеттерінің дипломатиялық өкілдіктерімен және консулдық мекемелерімен, ал Қазақстан Республикасында дипломатиялық және консулдық мекемелері жоқ елдің азаматтары олардың мүддесін қорғауды өзіне алған мемлекеттің дипломатиялық өкілдігімен немесе оларды қорғаумен айналысатын халықаралық ұйымдармен байланыс құқығы бар және азаматтығы жоқ тұлғалары өз ҚР-дағы дипломаттік өкілдерімен, консулдық мекемелерімен, ал дипломаттік

өкілдері, консулдық мекемелері жоқ тұлғалары олардың қорғауына жауапты және аталған сотталғандардың қорғауымен айналысатын мемлекетаралық органдарымен байланыстарын қолдануы;

7) қорғаушылардың, сондай-ақ осындай көмек көрсетуге уәкілетті басқа адамдардың заң көмегін пайдалануға;

8) тізбеде (2-қосымша) көрсетілген тамақ өнімдерін, заттар мен бұйымдарды алу және сақтауға;

9) мәдени-бұқаралық және спорттық шараларға қатысу, кітапхана стол ойындарын, музыкалық аспаптарды күн тәртібінде белгіленген уақытта пайдалануға; ӨБА-ға және ӨЖ-ға сотталғандар үшін мекеменің кітапхана қорын, картоннан жасалған үстел ойындарын қолдануға;

10) сотталғандардың, түрмеде, камералық үлгідегі үй-жайда отырған сотталғандарды және өмір бойы бас бостандығынан айыруға және өлім жазасына сотталғандарды қоспағанда өз күшімен жұмыс істейтін ұйымдарына және қоғамдық қорларына өз еркімен кіруге;

11) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әлеуметтік қамсыздандырылуға, зейнетақы және әлеуметтік жәрдемақы алуға;

12) денсаулығын сақтау үшін қажетті материалдық-тұрмыстық және медициналық-санитарлық қамсыздандырылуға;

13) мекеме қызметкерлері тарапынан сыпайы қарым-қатынасқа ие болуға құқылы және санитарлық тазарту өткізуге ӨБА-ға және ӨЖ-ға сотталғандарды қоспағанда Жасақтарда ұйықтайтын орындарды белгіленген күн тәртібіне сәйкес ұйықтау кезеңінде ғана пайдалануға рұқсат етіледі;

14) сотталғандарға ар-ождан бостандығы мен діни наным бостандығына кепілдік беріледі. Діни салттарды орындау ерікті болып табылады. Ол ішкі тәртіпті бұзбауы, сондай-ақ жаза өтеп жүрген басқа адамдардың құқығына қысым жасамауы керек;

15) жеке басының қауіпсіздігіне, сотталғандардың құқығын жүзеге асыру кезінде жазаны өтеудің тәртібі мен шарты бұзылмауы, сондай-ақ басқа адамдардың құқығы мен заңды мүдделеріне қысым жасалмауы керек;

16. Қауіпсіз және талаптарға сай келетін еңбек жағдайларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес еңбекақы алуға.

Ескерту: 10-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2004.05.27. N 154, 2004.06.08. N 173, 2005.05.12. N 128, 2005.12.29. N 345, 2007.10.02. N 273 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2010.09.27 N 268 (ресми жариялаған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрықтарымен.

10-1. Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұсталатын тұлғаларға қатысты азаптауға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын және

ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер жасауға жол берілмейді.

Сотталғандарды нәсілі, терісінің түсі, жынысы, тілі, діні, саяси және басқа да сенімдері, ұлттық немесе әлеуметтік шығу тегі, мүліктік жағдайы, отбасылық шығу тегі, әлеуметтік жағдайы, ЖҚТБ/АҚТҚ жұқтыруы немесе кез келген басқа да жағдайлар бойынша кемсітуге жол берілмейді.

Ескерту: 10-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің м.а. 2010.09.27 N 268 (ресми жариялаған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

11. ҚАК-тың 9 бабы бойынша сотталғандардың құқылы:

1) әкімшіліктің заңдық талаптарын орындауға;

2) ТМ-де орнатылған күн тәртібі мен жүріс-тұрыс ережелерін қатаң сақтауға;

3) түзеу мекемесінің мүлкіне және мүліктердің басқа түріне ұқыпты карауға;

4) еңбекке және оқуға адал ниетпен қарауға;

5) өзара және ТМ қызметкерлерімен, өзге адамдармен қарым-қатынаста сыпайы болуға, олардың заңды талаптарын мүлтіксіз орындауға;

6) тұратын жерін және қызметтік үй-жайды, жұмыс орнын, киімін таза ұстауға, төсек-орнын белгіленген үлгі бойынша жинауға, тамақ өнімдерін және жеке пайдаланатын заттарды арнайы жабдықталған орындар мен үй-жайларда сақтауға;

7) жеке бас гигиенасы ережелерін сақтауға, белгіленген киім нысанын киюге, шашын қысқа алдыруға, жинақы қиылған, мұрт өсіруге;

8) міндетті түрде ТМ-де өткізілетін көпшілік шараларға қатысуға;

9) түзеу мекемесін және оның аумағына жататын жерлерді көріктендіру жөніндегі, сондай-ақ, сотталғандардың мәдени-тұрмыстық жағдайларын жақсарту жөніндегі жұмыстарды қылмыстық-атқару заңнамасында белгілеген тәртіппен ақысыз орындауға; ӨБА-ға және ӨЖ-ға сотталғандарды қоспағанда;

10) колония-қоныстарда ұсталушылардан басқалары сотталғандардан басқалары киімге белгіленген үлгідегі төс және қол белгілерін (3-қосымша) тағып жүруге;

11) түрмелерде, жалпы білім беретін және кәсіптік мектептерде, тәртіп изоляторларында, ерекше режимдегі ТМ камераларында, камералық үлгідегі үй-жайларда, жазасын өтеудің қатаң жағдайларында, карантин бөлімшесінде, сондай-ақ отрядтарда кесте бойынша камерада кезек бойынша кезекшілік атқаруға;

12) тамақтану үшін асханаларға баруға міндетті;

13) профилактикалық медициналық тексеруден және мәжбүрлеп емдеу курсынан, оның ішінде туберкулезбен, жұқпалы дертпен ауырған, сондай-ақ АҚТҚ/ЖҚТБ жұқтырған кезде өтуге;

14) өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтауға.

Ескерту: 11-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2004.05.27. N 154, 2005.05.12. N 128, 2007.10.02. N 273 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2010.02.25 N 66; 2010.10.26 N 292 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін, күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Бұйрықтарымен.

12. Сотталғандар:

1) күн тәртібін бұзуға;

2) күзет объектісінің желісін немесе түзеу мекемесінің шекарасын бұзуына;

3) әкімшіліктің рұқсатынсыз тұрғын және өндірістік аймақтың оқшауланған учаскесінің шегінен шығуына;

4) әкімшіліктің рұқсатынсыз өздері тұрмайтын жатақханаларда немесе өздері жұмыс істемейтін өндірістік объектілерде болуына;

5) тізбеде (1-қосымша) көрсетілген заттарды, бұйымдарды алуына, дайындауына, пайдалануына және сақтауына;

6) арнайы бөлінбеген орындарда темекі шегуіне;

7) материалдық және өзге де пайда табу мақсатымен карта және басқа да ойындар ойнауына;

8) өзіне немесе басқа адамдарға татуировка салуына;

9) балағат сөздер айтуына, тілдеуіне немесе жаргон сөздерді пайдалануына, лақап ат беруге және сол арқылы басқа сотталғандармен байланысуға, лақап ат беруіне және иемденуіне;

10) осы Ережелермен бекітілген тәртіпке қарамастан хат-хабар жіберуіне және алуына;

11) әкімшіліктің рұқсатынсыз жануарлар мен құстарды ұстауына, бау-бақшамен айналысуына, декоративті балықтарды өсіруіне (тәрбие колонияларында тірі табиғат бұрыштары ұйымдастырылуы мүмкін);

12) басқа сотталғандармен жеке заттарын айырбастауға, қабырғаларға, тумбаларға және кереуеттерге фотографиялар, репродукциялар, құттықтау хаттар , газет және журнал қиындыларын ілуіне;

13) әкімшіліктің рұқсатынсыз ұйықтайтын орнын бүркемелеуіне және ауыстыруына, сондай-ақ өндірістік, коммуналдық-тұрмыстық және басқа да қызметтік және қосалқы үй-жайларда ұйықтайтын орын жабдықтауына;

14) түзеу мекемесінің өндіріс және басқа да объектілерінде өз бетімен әртүрлі құрылыстар салуына, шкафтар, сейфтер және т.б. орналастыруына;

15) әкімшіліктің рұқсатынсыз қайрау құралдарын, аспаптарын, электроэнергиясын, өндіріс қажеттілігіне арналмаған механизмдер мен материалдарды пайдалануына;

16) әкімшіліктің рұқсатынсыз ұйқтайтын бөлмелерде өз бетімен телерадиоқабылдауыштар, электротұрмыстық құралдар қоюға, өз бетімен

электрлік жүйе өткізуге;

17) қарастырылмаған орындарда тамақ әзірлеуіне және тамақтануына;

18) тамақтанудан бас тартуға, қасақана өз-өзіне қандай да бір жарақат келтіруіне, сондай-ақ басқаларды осындай іс-әрекеттерге итермелеуіне және басқалардың оны орындауға көмектесуіне;

19) асханадан азық-түліктерді, ыдыс-аяқтарды шығаруға;

20) алкоголь өнімін, сондай-ақ есірткі және еліртетін заттарды пайдалануына;

21) ғимараттардың, цехтардың, құрылыстардың төбесіне шығуына, ішкі тыйым салынған аймақтағы қоршауға жақындауына;

22) әкімшіліктің рұқсатынсыз жұмыс орнын, жатақхананы және бұқаралық іс-шаралар өткізіліп жатқан үй-жайларды тастап кетуіне;

23) әкімшіліктің рұқсатынсыз ұйқыға көзделген уақыт мерзімінде ұйықтайтын орынды тастауға, отряд жатақханасы бойынша жүруге тыйым салынады.

Ескерту. 12-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2004.06.08. N 173, 2005.12.29. N 345, 2007.10.02. N 273 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2010.02.25 N 66 Бұйрықтарымен.

12-1. ӨБА-ға және ӨЖ-ға сотталғандарға:

1) белгіленген киім нысанын бұзуға (11-қосымша);

2) ТМ аумағында еріп жүрусіз және артына қайырылған қолына кісен салынбай және көздеріне селдір матадан шүберек кигізілмей жүруіне (серуендеу ауласында, монша бокстарында, тұрмыстық және жұмыс камераларында болу уақытын қоспағанда);

3) камераларда шылым шегуге берілген уақыттан тыс кезде шылым шегуге;

4) алынып тасталды;

5) камераларда киімдерін жууға;

6) қарау көзшесін жабуға;

7) басқа камералардағы сотталғандармен байланысуға;

8) медициналық қызметкердің ұсынымы бойынша ТМ бастығының рұқсатын қоспағанда күн тәртібінде белгіленбеген уақытта ұйықтау орынына жатуға;

9) камераларда тізімде белгіленген нормадан көп заттар мен бұйымдар қоюына (12-қосымша) тыйым салынады.

Ескерту: 12-1-тармақпен толықтырылды, өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 27 мамырдағы N 154 бұйрығымен, 2005 жылғы 29 желтоқсандағы N 345 бұйрығымен.

12-2. ӨБА-ға және ӨЖ-ға сотталған жазасын өтеу кезеңінде қылмыс жасаған жағдайда сотталғандар тергеу изоляторына ауыстырылмайды, тергеу амалдары

жазаны өтеу орнында жүргізіледі.

Ескерту: 12-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 27 мамырдағы N 154 бұйрығымен.

## 2-1. Қоныс-колонияларында ұсталатын сотталғандардың құқықтық жағдайының ерекшеліктері

Ескерту: 2-1-бөліммен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 24 тамыздағы N 240 бұйрығымен.

12-3. Қоныс-колонияларындағы сотталғандар сондай-ақ:

1) осы Ережеде ұйықтауға бөлінген уақыттан басқа кез-келген уақытта қоныс-колониясының аумағында еркін жүріп-тұруға;

2) егер бұл ол орындайтын жұмыс мүддесіне, оқуына байланысты не стационарлық немесе амбулаторлық емделу үшін қажет болса, мекеме әкімшілігінің рұқсатымен қадағалаусыз қоныс-колониясынан тысқары, бірақ қоныс-колониясы орналасқан елді мекеннің шегінде жүріп-тұруға;

3) азаматтық киім киіп жүруге;

4) өзімен бірге ақша және бағалы заттар алып жүруге;

5) ақшаларды пайдалануға, сәлем-сауқат, сәлемдеме және бандероль алуға;

6) отбасы болған кезде әкімшіліктің рұқсатымен қоныс-колониясының аумағында немесе қадағалаусыз қоныс-колониясынан тысқары, бірақ қоныс-колониясы орналасқан елді мекеннің шегінде жалға алынған немесе өзінің тұрғын-үй ауданында тұруға;

7) қоныс-колониясынан тысқары, бірақ қоныс-колониясы орналасқан елді мекеннің шегінде орналасқан жоғарғы және орта кәсіби білім беру мекемелерінде сырттай оқуға құқылы.

8) қоныс-колониясынан тыс жерде ұялы байланыс құралдарын сақтау және пайдалану. Қоныс-колониясы аумағында олар бақылау өткізу бекетіндегі арнайы тағайындалған құлыптанатын ұяларда сақталады;

9) дәрігердің белгілеу негізінде қоныс-колониясы әкімшілігінің рұқсатымен берілген есірткі компоненттері жоқ дәрілік препараттардың өз жанында болуына.

Ескерту: 12-3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің м.а. 2010.09.27 N 268 (ресми жариялаған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

12-4. Қоныс-колонияларындағы сотталғандар:

1) қоныс-колониясының аумағынан өз бетінше кетіп қалуға;

2) көлік құралдарын жеке меншікке сатып алуға және оны пайдалануға;

3) қоныс-колониясының аумағында ұялы байланыс құралдарын сақтауға және пайдалануға;

4) атыс және суық қаруды, есірткі құралдарын немесе психотроптық заттарды сатып алуға, сақтауға, сондай-ақ оны пайдалануға;

5) әскери үлгідегі киім киіп жүруге;

6) алкагольді ішімдіктердің барлық түрлерін, сыраны өндіруге, сатып алуға және пайдалануға;

7) дәрігердің рұқсатынсыз құрамында есірткі бар медициналық препараттарды сатып алуға және пайдалануға құқылы емес.

Ескерту: 12-4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің м.а. 2010.09.27 N 268 (ресми жариялаған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

12-5. Қоныс-колонияларындағы сотталғандар:

1) отбасымен бірге тұратын сотталғандар күн тәртібімен белгіленген уақытта айына төрт ретке дейін қоныс-колониясы бастығының кезекші көмекшісіне тіркелуге келуге;

2) қоныс-колониясының бастығы қол қойған және осы түзеу мекемесінің мөрімен расталған сотталғанның жеке басын куәландыратын белгіленген үлгідегі құжаты болуға міндетті. Қоныс-колониясынан тысқары тұратын сотталғандарға міндетті түрде тұратын мекен-жайы көрсетіліп, куәлік беріледі (14-қосымша);

3) тұрғылықты жерінің мекен-жайы өзгергені туралы уақтылы хабарлауға;

4) негізгі жұмысынан бос уақытта ТМ өткізетін барлық мәдени-бұқаралық, спорттық іс-шараларға қатысуға.

Ескерту. 12-5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007.10.02. N 273 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

12-6. Қоныс-колониясына келген күннен бастап ұстау режимін бұзуға жол бермеген сотталғандарға, жеке басын зерделегеннен кейін, қоныс-колониясы бастығының қаулысы бойынша қоныс-колониясының тысқары, бірақ қоныс-колониясы орналасқан елді мекеннің шегінде жалға алынған немесе өзінің тұрғын-үй ауданында тұруға рұқсат берілуі мүмкін (15-қосымша). Режимді бұзған жағдайда отбасымен тұру құқығынан айыру туралы қоныс-колониясы бастығының қаулысы шығарылады (16-қосымша).

12-7. Қоныс-колониясының әкімшілігі сотталғандарды түзеу мекемесінің кәсіпорындарына жұмысқа орналастырады. Мұндай мүмкіндік болмаған кезде сотталған әкімшіліктің рұқсатымен қоныс-колониясынан тысқары, бірақ қоныс колониясы орналасқан елді мекеннің тиісті облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) шегінде орналасқан мемлекеттік ұйымдарда немесе өзге де меншік нысанындағы ұйымдарда еңбек шарты (17-қосымша) негізінде және оны тиісінше қадағалауды қамтамасыз еткен жағдайда еңбекке орналастырылуы мүмкін. Сотталғандар жеке еңбек қызметімен айналысуы мүмкін.

Қоныс-колониясының әкімшілігі сотталғанды жұмыс объектісінен мынадай

жағдайларда:

қылмыстық-атқару жүйесінің жоғары тұрған органдарының жазбаша нұсқауы бойынша;

оның босатылған кезінде;

төтенше немесе әскери жағдай енгізілген кезде;

сотталғанның жазаны өтеудің белгіленген тәртібін бұзған кезде;

жұмыс берушінің еңбек шарты бойынша міндеттемелерін орындамаған кезде шақыртып алуға міндетті.

Ескерту. 12-7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007.10.02. N 273 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2010.09.27 N 268 (ресми жариялаған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрықтарымен.

12-8. Қоныс-колониясынан тысқары, бірақ қоныс-колониясы орналасқан елді мекеннің шегінде тұруға ұстау режимін бұзбаған, отбасы бар сотталғандарға және мыналар:

1) сотталғанның және оның бірге тұратын туысқандарының өтініштері. Сотталғанның өтініші барлық кәмелетке толған отбасы мүшелерімен және сотталғанның бірге тұратын туысқандарымен қол қойылуы тиіс;

2) белгіленген тәртіппен расталған отбасы құрамы және тұру жағдайы туралы анықтамалары;

3) қоныс-колониясынан тысқары аумақта отбасымен тұруға қаулы шығарылғаннан кейін, полиция учаскелік инспекторынан оның қадағалаудағы адамның учаскеде тұратынынан хабарланғаны туралы анықтама;

4) сотталғанның қоныс-колониясынан тысқары аумақта тұратын кезеңде мінез-құлық ережесімен және шектеулермен танысқаны туралы қолхаттар;

5) белгіленген тәртіппен тіркелген заңды тұлғалардың сотталғанға жұмыс орнын беру туралы ұсынымы;

6) осы ереженің 17-қосымшасына сәйкес нысан бойынша еңбек шарты болған жағдайда рұқсат беріледі.

Ескерту. 12-8-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007.10.02. N 273 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2010.02.25 N 66, 2010.09.27 N 268 (ресми жариялаған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрықтарымен.

12-9. Қажет жағдайларда қоныс-колониясынан тысқары жерлерде түзеу мекемесі (жалпы, қатаң және ерекше режимдегі) жанынан Қазақстан Республикасы Әділет министрінің бұйрығымен қоныс-колониясының және түзеу мекемелерінің сотталған қызметкерлерін тәулік бойы қадағалау ұйымдастырыла отырып, қоныс-колонияларының учаскелері ашылуы мүмкін.

12-10. Кәмелетке толмаған сотталғандарға:
1) темекі шегуге;
2) темекі өнімдерін сатып алуға және сақтауға;
3) жалпы білім беретін және кәсіптік мектептерде өткізілетін сабақтарды және іс-шараларды, сондай-ақ қатысуы міндетті тәрбиелік іс-шараларды себепсіз босатуға тыйым салынады.
Ескерту: 12-10-тармақпен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің 2005 жылғы 12 мамырдағы N 128 бұйрығымен.

## 3. Сотталғандар мен түзеу мекемелері қызметкерлерінің өзара қарым-қатынасы

13. ТМ қызметкерлері және түзеу мекемеге келетін басқа тұлғалармен кездескенде сотталғандар орнынан тұрып амандасады.
14. Сотталғандар ТМ қызметкерлерімен кездескен кезде оларды "Сіз" деп атай отырып, "азамат", "азаматша" және одан әрі шені немесе лауазымына қарай атауға, ал, тәрбие колонияларында сонымен бірге аты және әкесінің атымен атауға міндетті.
15. Мекеме қызметкерлері сотталғандарды "Сіз" деп, "сотталған", "азамат", " азаматша" деп және тегімен атайды. Тәрбие колонияларында қызметкерлер сотталғандарға "сен", "тәрбиеленуші" дейді, сондай-ақ атымен атай алады.
16. Қызметкерлерге сотталғандармен және олардың туысқандарымен қызмет мүддесіне байланысы жоқ қандай да бір қарым-қатынас жасауға және олардың қылмыстық-атқару заңнамасында және осы Ережеде реттелмеген қызметін пайдалануға тыйым салынады.
Ескерту. 16-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007.10.02. N 273 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.
17. Түзеу мекемелерінің қызметкерлері сотталғандардың жолыққанда мәселелерін шешу шараларын қолдануға міндетті.

## 3-1. Діни ғұрыптарды орындау тәртібі

Ескерту: Ереже 3-1-тараумен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің м.а. 2010.09.27 N 269 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.
17-1. ТМ-не тіркеуден өткен діни бірлестіктердің өкілдері келе алады.
17-2. Сотталғандардың діни сенім бостандығына деген құқықтарын сақтау бойынша дербес жауапкершілік ТМ бастығына жүктеледі. Діни бірлестіктердің сотталғандар арасындағы жұмысын ТМ бастығының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары ұйымдастырады және бақылайды.

17-3. Діни бірлестіктер қандай аумақтық әділет органдарында тіркелсе, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің тиісті Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті (бұдан әрі – облыстық ҚАЖКД) діни бірлестіктерге ТМ-не келіп сотталғандармен жұмыс жасауына рұқсат береді.

17-4. ТМ әкімшілігі діни бірлестіктермен бірге бірлескен жұмыс жоспарын және діни бірлестіктер өкілдерінің ТМ-не келу кестесін әзірлейді, онда келу тақырыбы, күні, уақыты және құдайға сыйыну, дәстүр және рәсімдерді өткізудің басқа да жағдайлары көрсетіледі.

17-5. Жоспар мен кесте ТМ бастығы мен тиісті діни бірлестіктің аға діни дәрежелі өкілімен бекітіледі және бір жыл ішінде жүзеге асырылады.

17-6. Діни бірлестік мемелекеттік тіркелу (қайта тіркелу) куәлігінің, жарғының (ережесінің), ТМ-не келуді жоспарлаған діни бірлестіктер өкілдерінің тізімін және жеке басын куәландыратын құжаттарының көшірмелерін ТМ-не ұсынады.

17-7. ТМ әкімшілігі:

1) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есеп комитетіне сотталғандармен діни ғұрыптарды орындайтын діни бірлестіктер өкілдерінің соттылығының бар-жоғы туралы ағымдағы бес жұмыс күні ішінде сұрау хат;

2) тиісті облыстың аумағында жергілікті діни бірлестіктердің тіркелгендігін растау туралы аумақтық әділет органдарына ағымдағы бес жұмыс күні ішінде сұрау хат жолдайды.

17-8. Сұрау хаттарға жауаптар алынғаннан кейін, ТМ әкімшілігі барлық жоғарыда аталған құжаттарды ТМ-не кіруге рұқсат алу үшін ағымдағы бес жұмыс күні ішінде облыстық ҚАЖКД-не жолдайды.

17-9. Облыстық ҚАЖКД, ұсынылған құжаттарды зерделеп, діни бірлестіктер өкілдеріне ағымдағы бес жұмыс күні ішінде ТМ-не кіруге рұқсат береді не одан бас тартады. Рұқсат берудің не одан бас тартудың дәлелді негіздері міндетті түрде көрсетіле отырып, жазбаша ресімделеді. Бас тартуға заңнамада белгіленген тәртіппен шағымдануға болады.

17-10. Рұқсат алған жағдайда, ТМ әкімшілігі мен діни бірлестік өкілдері арасында екі жақтың міндеттері, келісімнің мерзімі, оны ұзарту немесе тоқтату талаптары көрсетілетін өзара ынтымақтастық туралы келісім жасайды.

17-11. Діни мазмұндағы материалдар мен діни мақсаттағы заттар діни сараптамадан өткеннен кейін ТМ аумағына кіргізіледі.

17-12. ТМ әкімшілігі діни бірлестіктердің өкілдерінің назарына ТМ-не келу тәртібін жеткізеді және олардың қауіпсіздігі шараларын қамтамасыз етеді.

17-13. Діни қызметшілер сотталғандармен қайырымдылық, рухани-өнегелік

және қамқоршылық жұмыстарын жүргізеді және ізгілік көмек көрсетеді.

17-14. Сотталғандардың рухани-өнегелік тәрбиесінің негізгі нысандары: жеке, топтық, жаппай.

17-15. Сотталғандардың рухани-өнегелік тәрбиесінің түрлері:
1) сотталғандармен жеке сұхбат жүргізу;
2) сотталғандар тобының алдында сөз сөйлеуі;
3) діни мазмұнды әдебиетті тарату.

17-16. Діни ғұрыптарды діни бірлестіктерде жұмыс істейтін діни қызметшілері ғана жүзеге асырады.

17-17. Діни мазмұндағы материалдар мен діни мақсаттағы заттар арнайы бөлінген бөлмелерде сақталады. Оларды олар сақталатын үй-жайлардан басқа жерлерде қолдануға жол берілмейді.

17-18. Діни ғимараттарға (үй-жайларға) діни ғұрыптарды орындау үшін бару осы Ережеде көзделген іс-шараларды өткізуге кедергі келтірмеуі және де басқа адамдардың құқықтарына қысым жасамауы тиіс. Оған бару жеке жасалған бару кестесі бойынша, көпшілік іс-шаралар өткізу уақытынан басқа кезде ( сотталғандардың бар-жоғын тексеру, тамақтану, ұйқыға бөлінген уақыт және т.б. ) ұйымдастырылады.

17-19. Бөлек тұрған мешіт пен шіркеу және сыйыну бөлмелері қатаң белгіленгені бойынша пайдаланады, бұл ретте олардың ішінде сыйынудан бос уақытында сотталғандардың тұруы мен болуына жол берілмейді. Түнгі уақыт және мәдени-көпшілік іс-шаралар өткізу кезінде діни ғимараттар жабық болуы тиіс, кілті колония бастығының кезекші көмекшісіне тиісті журналға қол қоя отырып, беріледі.

17-20. Діни ғимараттарға кіру мүмкіндігі ТМ-нің күн тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.

17-21. Діни ғимараттардың жұмысына ТМ-нің кезекші ауысымы санынан жауапты қызметкерлері тағайындалады, олар діни ғұрыптарды орындау кезінде қатысады.

17-22. Сотталғандардың діни ғимараттарға келу есебі келушілерді тіркеу журналында тіркеледі (тегі, аты, әкесінің аты, келген күні мен уақыты жазылады) осы журнал діни ғимаратында (үй-жайларда) тұрады.

17-23. Діни бірлестік өкілдерінің келуіне тыйым салуға негіз болған жағдайда (осы Ережені бұзу фактілері) олардың бұдан әрі ТМ-не келуі тоқтатылады. Келуді қайта бастау, себептер жойылғаннан кейін және осы Ереженің 17-3, 17-4, 17-5 тармақтарымен белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады".

## 4-Тарау. Түзеу мекемелеріндегі күн 4. Күн тәртібі ұғымы

18. Әрбір түзеу мекемесінде сотталғандардың әртүрлі құрамына қарай жұмыс ерекшеліктері, жыл маусымы, жергілікті жердің жағдайы және басқа да нақты жағдайлар ескеріле отырып, қатаң реттелген, орындау мен сақтау үшін міндетті күн тәртібі белгіленеді.
Ескерту. 18-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007.10.02. N 273 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

19. Күн тәртібіне тұру, тексеру, жату, жуыну, дене шынықтыру, тамақ ішу, жұмысқа бөлу, өндірісте, оқуда, тәрбие және спорттық-бұқаралық шараларда және т.б. болу уақыттары кіреді. Сотталғандардың үзіліссіз сегіз сағаттық ұйқысы және оларға жеке уақыт беру қарастырылады.
Сотталғандардың жасақпен аптасына кем дегенде бір рет моншада жуыну қарастырылады. Жасақтардың моншада жуыну күні мен уақыты түзеу мекемесі бастығымен немесе оның міндетін атқарушы тұлғамен бекітілген кесте арқылы белгіленеді, ал бір сотталғанның жуыну ұзақтығы отыз минуттан кем болмауы керек.
Ескерту: 19-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің м.а. 2010.09.27 N 268 (ресми жариялаған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

20. Үлгі ретінде алынған күн тәртібі (3-қосымша) стенд түрінде ресімделеді және көзге түсетін жерге (плацқа, жасақ үй-жайларына, карантин бөлмесіне) орнатылады не ілінеді, оны түзеу мекемесінің бастығы бекітеді және ол қызметкерлерге және сотталғандарға жеткізіледі.
Ескерту. 20-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007.10.02. N 273 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

## 5. Сотталғандарды жұмысқа бөлу

21. Сотталғандар күн тәртібімен белгіленген уақытта отряд, бригада бойынша жұмысқа бөлу үшін бөлінген жерде сапқа тұрғызылады, бұл ретте карточкасы, тегі бойынша тексеру жүргізіледі,) олардың сырт пішіні тексеріледі.
Тыйым салынған бұйымдардың өтіп кетуіне жол бермеу мақсатында, сотталғандар жіті қаралады немесе тінтіледі.
Ескерту. 21-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007.10.02. N 273 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

22. Түзеу мекемелерінің бастықтары еңбек жағдайын ескере отырып сотталғандардың өндіріс объектілеріндегі жүріс-тұрыс тәртібін белгілейді, онда сотталғандардың объектіге саппен келулері, цех (учаске) бастықтарының немесе шеберлердің нұсқаулама өткізулері, жұмыс қорытындысын шығару, жұмыс орнын тапсыру тәртібі және т.б. қарастырылады.

## 6. Тамақтану

23. Сотталғандар күн тәртібінде белгіленген сағатта, отряд, бөлімше, бригада бойынша асханада немесе жұмыс объектісіндегі тамақ тарататын үй-жайда тамақтанады. Егер асхана тұрғын және өндірістік аймақ ортасында болса, ауысыммен жұмыс істейтіндерді тамақтандыру асханада, тұрғын аймақтағы адамдарды өндірісте жұмыс істеп жүрген сотталғандардан оқшау ұйымдастырылады.

23-1. Тамақ нәрі мен құндылығы бойынша бекітілген тамақтану нормаларына сәйкес болуы керек, санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды есепке ала отырып дайындалады және беріледі.

Ескерту: 23-1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің м.а. 2010.09.27 N 268 (ресми жариялаған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

24. Тәрбие колонияларында таңертеңгі, түскі және кешкі тамақ асханада ұйымдастырылады.

25. Коммуналды-тұрмыстық объектілердің (монша, шаштараз, кір жуу және т.б.) үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету мақсатында түзеу мекемелерінің бастықтары осы объектілерде жұмыс істеп жүрген сотталғандарға тиісті отрядтардың, бөлімшелердің, бригадалардың құрамында тамақтануға рұқсат берулері мүмкін.

26. Күзет қамауынан немесе түзеу мекемелері әкімшіліктерінің қадағалауынан босатылған сотталғандар, сондай-ақ еріп жүрусіз немесе айдауылсыз жүріп-тұруға құқығы барлар және колониядан тыс жерде тұратындар тұратын жерінде немесе жұмыс объектісінде тамақтана алады.

27. Камерада ұсталушы сотталғандар камерада немесе өндірісте тамақтанады.

27-1. Туберкулезден емдеуге арналған емдеу алдын-алу мекемелерінде ұсталатын сотталғандар медициналық көрсеткіштер негізінде емдеуші дәрігердің берген жазбаша рұқсатымен тамақтануды тұратын орындарында (медициналық палаталарда немесе туберкулездің микробактерияларын бөлетін сотталғандар үшін арналған бөлімшелердегі тамақ қабылдау бөлмелерінде) жүзеге асыруы мүмкін.

Ескерту: 27-1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің м.а. 2010.09.27 N 268 (ресми жариялаған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

28. Тамақтану кезінде сотталғандардың тиісті тәртіпті сақтауларын қолдау үшін асханада түзеу мекемелері әкімшіліктерінің өкілдері және бақылау құрамы болады.

28-1. Ас ішер алдында сотталғандар сыртқы киімдерін шешеді.
Ескерту. 28-тармақпен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің 2007.10.02. N 273 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

## 7. Сотталғандарды жеке қабылдау

29. Түзеу мекемелерінің басшылары, сондай-ақ бөлім және қызмет бастықтары сотталғандарды жеке қабылдауды сотталғандардың назарына жеткізілетін график бойынша, бірақ аптада кемінде 1 рет, жүзеге асырады. Сотталғандардың көтерген мәселелері және оларды қарау нәтижелері көрсетілген , қабылдауда болған сотталғандардың есебі мекеменің кеңсесінде сақталатын журналда жүргізіледі (5-қосымша). Журналдың жүргізуін айында кемінде 1 рет ТМ бастығы бақылайды. Жеке қабылдау сотталғандарды алдын-ала жазбаша берген өтініші бойынша жүзеге асырылады.

Тәрбие колониясында жеке мәселелері бойынша қабылдауды күн сайын мекеме басшылығы, сондай-ақ бөлімдер мен қызметтерінің бастықтары жүргізеді
Ескерту. 29-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2004.06.08. N 173, 2005.05.12. N 128, 2007.10.02. N 273 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Бұйрықтарымен.

30. Қылмыстық-атқару жүйесінің жоғары тұрған органдарының қызметкерлері түзеу мекемелеріне келген кезде өздерінің құзырына жататын мәселелер бойынша сотталғандарды қабылдайды. Бұл қызметкерлер қабылдаған сотталғандардың есебі аталған журналдың екінші бөлімінде жүргізіледі.

31. Түзеу мекемелерінің бастықтары немесе олардың уәкілеттілігі берілген адамдар айында кемінде бір рет қабылдау кезінде қабылданған шешімдердің орындалуын тексереді.

## 8. Сотталғандардың бар-жоғын тексеру

32. Түзеу мекемелеріндегі сотталғандардың бар-жоғын тексеру күн сайын таңертең және кешке күн тәртібінде белгіленген сағатта жүзеге асырылады. Қажет болған жағдайда тәуліктің кез-келген уақытында тексеру жүргізіледі. Осы кезде сотталғандардың сыртқы келбеті қоса тексеріледі.

33. Тексеру белгіленген орында - плацта жалпы сапта отряд бойынша әр адамды жеке-жеке санау және топ тізімі бойынша тегімен атау сотталғандарды карточка бойынша салғастыру жолымен жүргізіледі. Сапқа тұрудан жұмыстан соң демалып жатқандар, ауруы бойынша (төсек тартып жатқандар) босатылғандар, сондай-ақ жұмыстан босату мүмкін емес жұмыстағы адамдар босатылады. Оларды тексеруі ТМ бастығы немесе КБКК шешімі бойынша келген орындарында жүргізіледі.

Ескерту. 33-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007.10.02. N 273 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

34. Жауын-шашынды ауа-райы және төменгі температура кезінде (25 градустан төмен) жылдың суық мезгілінде тексерулер үй-жайда өткізіледі.

Ескерту: 34-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2005 жылғы 29 желтоқсандағы N 345 бұйрығымен.

35. Таңертеңгі және кешкі тексерулер 40 минуттан аспауы керек.

36. Колониялардың айыптық және тәртіптік изоляторларындағы, камералық үлгідегі үй-жайларындағы, түрмелердегі сотталғандардың бар-жоғын тексеру камера бойынша, ал жазасын қатаң жағдайда өтеушілердің, қауіпсіз орындарда ұсталушылардың, айдауылсыз және еріп жүрусіз жүріп-тұру құқығын пайдаланушылардың және түзеу мекемелері әкімшіліктерінің қадағалауына күзет қамауынан және күзеттен босатылғандардың бар-жоғын тексеру тұрғылықты жерінде жүргізіледі.

36-1. ӨБА-ға және ӨЖ-ға сотталғандарды тексеру камералап жүргізіледі.

Ескерту: 36-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 27 мамырдағы N 154 бұйрығымен.

36-2. Тексеруді жүзеге асыру үшін әр сотталғанға суреті бар карточка жасалады, онда аты, әкесінің аты, тегі, туған күні, КК бабы, бас бостандығынан айыру мерзімі, мерзімінің басы мен соңы, жасақ, бригада нөмірі, ТМ келген күні көрсетіледі (18-қосымша). ТМ бастығының кезекші көмекшісі не режим қызметінің бекітілген қызметкері картотека жүргізеді. Картотека кезекші бөлімде арнайы дайындалған жәшікте сақталады. Алдын алу есебінде тұратын сотталғандарды тексеруге арналған түбіртектерге, айыру жолақтарын салу: қашуға бейім сотталғандар үшін – қызыл түс, ал қалған алдын алу есебінің түрлеріне – қара түс.

Ескерту. 36-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің 2007.10.02. N 273 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз); 2010.10.26 N 292 ( алғаш ресми жарияланғаннан кейін, күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Бұйрықтарымен.

36-3. Қашқындыққа бейім ретінде профилактикалық есепте тұрған сотталғандарды карточкалық тегі бойынша тексеру қосымша әрбір екі сағат сайын, ұйқыға арналған уақытты қоспағанда, оларды жалпы тексеру өтетін орындарында сапқа қою арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 36-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің 2007.10.02. N 273 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

## 9. Сотталғандардың колония шегінде жүріп-тұру тәртібі

37. Топтардың ТМ-нің аумағында жүруі сап бойынша және белгіленген киім нысанында ғана (қоныс-колонияларын қоспағанда, онда сап бойынша жүру сотталғандарды тексеру және тамақтану кезінде ғана көзделген) сотталғандар ішіндегі басшының басқарумен немесе ТМ әкімшілігі өкілінің бірге еріп жүруімен жүзеге асырылады.

Ескерту: 37-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Әділет министрінің 2004.08.24. N 240, өзгерту енгізілді - 2007.10.02. N 273(қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Бұйрықтарымен.

37-1. ӨБА-ға және ӨЖ-ға сотталғандарға ТМ аумағында мекеменің әкімшілігінің еріп жүруімен және артына қайырылған қолдарына кісен салынып, көздеріне селдір матадан шүберек кигізіліп жүргізіледі

Ескерту: 37-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 27 мамырдағы N 154 бұйрығымен.

38. Жеке уақыттарында сотталғандар оқшауланған учаскелер шегінде, ал түзеу мекемесі аймағының басқа бөлігінде - әкімшілік өкілінің рұқсатымен жүріп-тұра алады.

39. Жазасын қатаң шарттарда өтеуші сотталғандардың құлыпқа жабылатын үй-жайлардан тыс жерлерде жүріп тұруы тек қана әкімшілік өкілдерінің еріп жүруі арқылы жүзеге асырылады.

## 5-Тарау. Сотталғандардың тамақ өнімдерін, бірінші кезекте қажет заттарды сатып алуы, олардың посылкалар, сәлемдемелер, бандерольдер алуы және қосымша қызметтер көрсету 1. Сотталғандардың тамақ өнімдерін, бірінші кезекте қажет заттарды сатып алу және қосымша қызметтер көрсету тәртібі

40. Түзеу мекемелерінде сотталғандарға тамақ өнімдерін, бірінші кезекте қажет заттарды сату үшін демалыс және мереке күндерін қоспағанда күн сайын жұмыс істейтін дүкендер ұйымдастырылады. Сотталғандар бұл дүкендерде күн тәртібімен бөлінген уақытта, кезекке тұруды (топ және бригада бойынша) ескере отырып қолма-қол төлемсіз сауда жасай алады.

41. Камералық үлгідегі үй-жайларда және жалғыз адамдық камераларда, қауіпсіз орындарда және тәрбие колонияларының оқшауланған тұрғын үй-жайларында ұсталушы сотталғандар, ӨБА-ға және ӨЖ-ға сотталғандар, күзет қамауынан түзеу мекемесі әкімшілігінің қадағалауына босатылғандар, сондай-ақ айдаусыз, еріп жүрусіз жүріп-тұру құқығын пайдаланатын және ТМ-нің шегінен тыс жерде тұратын сотталғандардың өтініші бойынша тамақ өнімдерін, бірінші

кезекте қажет заттарды тиісті қызметтің түзеу мекемесі қызметкері сатып ала алады. Сатып алынған товарды өтінішке қол қойғызып, сотталғанға береді (6-қосымша).

Ескерту: 41-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 27 мамырдағы N 154 бұйрығымен.

42. Сотталғандар бұдан басқа өздерінің қалаулары бойынша өз қаражаттарына түзеу мекемесінің қоныс аударған ауданына орналасқан (ӨБА-ға және ӨЖ-ға сотталғандарды қоспағанда) коммуналды-тұрмыстық қызмет кәсіпорындарының денсаулық сақтау органдары медициналық мекемелері, қызметін пайдалана алады.

Ескерту: 42-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2004.05.27. N 154, 2007.10.02. N 273 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Бұйрықтарымен.

43. Мұндай қызметтерге: азаматтық үлгідегі киімдер және аяқ киімдер тігу, оларды жөндеу, киім тазалау, сотталғандарда бар тұрмыстық техникаларды жөндеу, фото-бейне түсіру (әкімшіліктің бақылауымен жүргізіледі), шаштараз қызметі, сот құжаттарын, сотталғандардың жеке істеріндегі өзге де құжаттардың көшірмесін жасау, нотариальдық қызмет, аудармашы, ақылы медициналық қызмет көрсету (протездеудің барлық түрлері, ішкі органдар УДЗ-і, жоспарлы хирургиялық операциялар) қызметі жатады. Сотталғандар сырттай оқуға ақша төлей алады.

Ескерту: 43-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007.10.02. N 273 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

44. Түзеу мекемелері әкімшілігінің келісімімен осы 43 параграфта қарастырылмаған басқа да қызметтерді пайдалануға мүмкіндік берілуі мүмкін.

45. Өз қаражаттарынан төленетін қосымша қызметтері сотталғандардың ТМ бастығының атына жазылған арызы бойынша беріледі.

46. Қызмет көрсету үшін әкімшілік тиісті маманды (қызметкерді) колонияға шақырады.

47. Қосымша қызмет көрсету сотталғанның жеке есепшотынан оларға қызмет көрсететін тиісті кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың немесе маманның (қызметкердің) атына сотталғанның өтінішінде көрсетілген сомада поштамен (телеграфпен) ақша аудару жолымен жүзеге асырылады.

## 11. Посылкаларды, сәлемдемелерді, бандерольдарды қабылдау және сотталғандардың оларды алу тәртібі

48. Сотталғандар посылкаларды, сәлемдемелерді және бандерольдерді түзеу мекемесіне бірден келген уақытта ала береді. Оған құқығы жоқ адамдардың,

сондай-ақ босатылған немесе өлген адамның атына посылкалар, сәлемдемелер және бандерольдер келіп түскен кезде, олар кері қайтару себебі көрсетіліп, төлем төлеген жөнелтушіге жіберіледі. Басқа түзеу мекемелеріне ауыстырылған сотталғандардың атына келген посылкалар және сәлемдемелер түзеу мекемелерінің есебінен олардың жаңа мекен-жайына жіберіледі.

48-1. Сәлемдемелерді, бандерольдарды және хат-хабарларды жеткізуге жауапты ТМ қызметкері оларды пошта бөлімшесінен алған кезде орамалардың, конверттердің, тапсырыс хаттарының тұтастығын тексереді. Зақым келтірілгені табылса, екі данада акті жасайды, онда зақымның сипатын жазады және пошта бөлімшесі қызметкеріне қол қойғызады. Бір данасын поштада қалдырады, екіншісін жинақтама папкіге тігеді.

Ескерту: 48-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің 2007.10.02. N 273 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

49. Заңмен қарастырылғандармен бірге кезектегілердің есебіне мыналар:

1) сотталғанның босатылғанға дейін бір ай бұрын алған, қоймада сақтаулы жатқан және босатылған күні берілетін, киімдері мен аяқ киімдері бар посылка немесе сәлемдеме;

2) сотталғанның тапсырыс бойынша кітап сауда жүйесінен алдырған бандерольдері кірмейді;

3) жеке гигиеналық бұйымдары мен іш киім ұсталатын сәлемдемелер мен бандерольдар.

Ескерту: 49-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007.10.02. N 273 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

50. Посылкаларды, сәлемдемелерді және бандерольдерді, сондай-ақ тапсырыс хаттарын ашуды және оның ішіндегілерді ашып карауды адресаттардың қатысуымен жауапты қызметкер ТМ қызметкерлерімен бірлесіп жүргізеді. Табылған ақшалар, бағалы заттар, рұқсат етілмеген салымдар алынып қойылады және олар бойынша осы Ереженің 61 параграфына сәйкес шешім қабылданады. Сәлемдемелерден табылған рұқсат етілмеген салымдар кері қайтару себебі көрсетіліп, оларды жіберген адамдарға қайтарылады.

Ескерту: 50-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007.10.02. N 273 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

51. Посылкалардан, сәлемдемелерден және бандерольдерден сотталғандардың қылмыстық мақсатқа пайдаланулары мүмкін бұйымдар мен заттардың табылуы туралы фактілер бойынша белгіленген тәртіппен тексеру жүргізіледі.

52. Посылкалар, сәлемдемелер және бандерольдер салымдарының тізбесі мен салмағы арнаулы журналға тіркеледі, бұдан соң сотталғанға қолы қойылып беріледі.

53. Сотталғандардың түзеу мекемесіне келген туысқандары немесе өзге адамдарға әкімшілік тиісті посылкалар, сәлемдемелер және бандерольдердің орнына олардың сотталғандарға беру мақсатымен түзеу мекемесінің дүкені арқылы тамақ өнімдерін және бірінші кезекте қажет заттарды сатып алу мүмкіндігі бар екенін түсіндіреді. Мұндай жағдайда аталған адамдар сотталған адамға беру үшін тамақ өнімдері және бірінші кезекте қажет заттардың саны және салмағы тізбеленген екі данада өтініш береді және олардың құнын төлейді. Сотталғандар мұндай сәлемдемелерді алған соң өтініштің бірінші данасы осы сәлемдемелердің құнын төлеген адамға беріледі, екінші данасы жеке іске тігіледі.

54. Айыптылық және тәртіптік изоляторларында ұсталушы сотталғандарға посылкалар, сәлемдемелер және бандерольдер жазалау шараларын өтеген соң тапсырылады, ӨБА-ға және ӨЖ-ға сотталғандарға ТМ әкімшілігі камерада тапсырады. Түзеу мекемелерінің әкімшілігі посылкалар, сәлемдемелер және бандерольдердегі салымдардың түгелдігін қамтамасыз етеді, алайда бұл салымдардың ұзақ уақыт сақтаудың салдарынан табиғи бұзылуына жауап бермейді.

Ескерту: 54-тармаққа толықтыру енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 27 мамырдағы N 154 бұйрығымен.

55. Соңғы және оның алдында алынған посылкалар, сәлемдемелер және бандерольдердің аралығы сотталғандарға жылына берілуге тиіс посылкалардың жалпы санына 12 айды бөлгеннен жеке тең бөлінген мерзім сақталады.

56. Сотталғандар өз өтініштері бойынша туысқандарына және өзге де адамдарға өз меншігіндегі қаражат есебінен, түзеу мекемесінің дүкенінен сатып алынған тамақ өнімдерін және бірінші кезекте қажет заттарды, сондай-ақ өзінің жеке пайдалануындағы, қоймада сақтаудағы заттар мен бұйымдарды посылкамен және сәлемдемемен, бандерольмен жібере алады. Мұндай жіберілімдерді әкімшілік өкілі сотталғанды қатыстыра отырып тексеруден өткізеді.

## 12. Сотталғандардан түзеу мекемелерінде пайдалануға тыйым салынған заттарды алып қою тәртібі

57. Сотталғандардан түзеу мекемелерінде пайдалануға тыйым салынған заттарды алып қою құқығын мекеме әкімшілігінің өкілдері иеленеді.

58. Тыйым салынған заттар сотталғандардан табылған сәтте алынып қойылады, бұл туралы рапорт немесе акт жазылады және тексеру өткізіледі.

59. Сотталғандардан алынған ақша олардың жеке шоттарына аударылады. Бағалы қағаздар және өзге де құндылықтар ТМ-нің бухгалтериясында немесе

қоймасында сақталады, оның иесіне квитанция беріледі, мерзімі біткеннен соң, бағалы қағаздар мен өзге де құндылықтар берілген квитанция бойынша өздеріне қайтарылады.

60. Алынған ақшалар мен бағалы заттарды, оларды алған лауазымды адамның актісі немесе рапорты бойынша мекеме бастығының кезекші көмекшісі бір тәулік мерзімнен (демалыс және мерекелік күндерді қоспағандағы) кешіктірмей қаржы бөліміне немесе бухгалтерияға тапсырады. Алынып қойылған заттар журналға тіркеледі.

61. Сотталғандардан алынып қойылған бағалы заттарға жатпайтын, тыйым салынған заттар сақтау үшін қоймаға тапсырылады, онымен сотталған адам қолхат арқылы таныстырылады не соттың шешімі бойынша жойылады. Мұндай шешімдер белгіленбеген тәртіппен алынған тамақ өнімдеріне қатысты да шығарылады.

Ескерту. 61-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2004.06.08. N 173, 2007.10.02. N 273 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Бұйрықтарымен.

62. Сотталғандардың белгіленгеннен тыс ассортименттегі және мөлшердегі заттары алынып қойылады және сақтау үшін қоймаға тапсырылады. Егер қоймадағы сақтаулы заттар сотталғандарға қажет болса және ассортимент пен мөлшерден артық болмаса, олар иелеріне берілуі мүмкін.

63. Түзеу мекемесінің аумағынан табылған ақшалардың, сондай-ақ комиссиялық сауда дүкені арқылы өзге де бағалы құндылықтар мен заттарды сатудан соң алынған ақшалардың иелерін анықтау мүмкін болмаса, ол түзеу мекемесі бастығының қаулысы бойынша мекеме есебіне аударылады.

## 6-Тарау. Сотталғандардың хат-хабар алмасу, ақша аударылымдарын жөнелту, сотталғандардың туысқандарымен және өзге адамдармен кездесу, телефонмен сөйлесу, қорғаушымен кездесу тәртібі

### 13. Сотталғандардың хат-хабар алмасу, ақша аударылымдарын алу және жөнелту тәртібі

64. Сотталғандардың өз қаржысы есебінен шектеусіз хат және жеделхаттар алуы және жіберуі тек түзеу мекемесінің әкімшілігі арқылы жүргізіледі. Мұндай мақсатпен колонияның әрбір оқшауландырылған учаскесінде, ал тәрбие колониясында әкімшілік белгілеген орында пошта жәшіктері ілініп, лауазымды адамдардың өкілдері олардан демалыс және мереке күндерінен басқа күндері күн

сайын алып, жіберіп отырады. Түрмелерде, колониялардың камералық үлгідегі үй-жайларында сотталғандар хаттарын жіберу үшін әкімшілік өкілдеріне береді.

65. Хат пошта жәшіктеріне салынады немесе ТМ-нің қызметіне бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын органдарға бағытталғандарын қоспағанда, әкімшілік өкіліне желімделмеген күйінде беріледі.

Ескерту. 65-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2004.06.08. N 173, 2007.10.02. N 273 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2010.09.27 N 268 (ресми жариялаған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрықтарымен.

66. Түзеу мекемесінен кетіп қалған сотталғандардың атына келген хат 3 тәуліктен кешіктірілмей оның жаңа тұрғылықты жеріне жіберіледі.

67. Жеделхаттар жөнелту сотталған адамның түзеу мекемесінің әкімшілігінен алынатын белгіленген нысандағы бланкілерді толтыруы жолымен жүзеге асырылады. Егер қалыптасқан жағдай (түзеу мекемесі байланыс бөлімшесінен қашық жағдайда көлік сынып қалса немесе жоқ болса, демалыс немесе мереке күндері және басқа) кедергі болмаса жеделхаттар келесі күннен кешіктірілмей жіберіледі. Жеделхаттарды жіберу үшін ақша төленгені туралы квитанция сотталған адамның жеке ісіне ол оған қол қойған соң тігіледі.

68. Сотталғандардың жазбалары цензураға жатады. Сотталғандардың өзге шарттылықтарды немесе жаргондарды қолданып, құпия жазулармен жазылған, сондай-ақ мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің және жекелеген азаматтардың заңмен қорғалатын құқықтарына зиян келтіруге бағытталған арсыз сипаттағы немесе мемлекеттік, қызметтік құпияларды құрайтын мәліметтері бар хаттары және олардың атына келген хаттар адресатқа жіберілмейді және сотталғанға берілмейді. Бұл туралы сотталғанға қол қойылып хабарланады, бұдан соң мұндай корреспонденциялар жойылады. Осы тәртіп ұқсас мазмұндағы жеделхаттарға да қолданылады.

69. Сотталғандарға келіп түскен ақша аударылымдары олардың жеке шоттарына аударылады. Жақын туыстарына және өзге де адамдарға ақша жіберу үшін сотталған өзінің жеке есеп шотындағы қаржы есебінен нақты соманы аудару туралы белгіленген нысандағы бланкіні және өтінішті толтырады. Толтырылған бланкілер мен арыздарды қабылдауды оған өкілетті лауазымды адам жүзеге асырады. Ақша аударылымының жөнелтілгені туралы квитанцияға сотталғанның қолы қойылып хабарланады, ол оның жеке ісіне тігіледі.

70. Өзге адамға ақша аударылымын жібергенде сотталған, сонымен қатар өз өтінішінде ақша аударғысы келетін себебін хабарлайды. Аталған өтініш бойынша әкімшілік шешімі әдеттегідей өтініш берілгеннен бастап 5 күннен кешіктірілмей қабылданады. қабылданған шешім туралы сотталғанға хабарланады.

## 14. Сотталғандардың өтініштері

71. Сотталғандар өтініштерін тек өз атынан ғана беруге құқылы, жөнелту жөніндегі шығындарды төлеу сотталғанның жеке есеп шотындағы қаржы есебінен жүзеге асырылады.

70-1. Басқа ТМ-де ұсталатын адамдармен хат жазысу үшін сотталған ТМ бастығының атына өтініш береді, онда адресаттың аты, әкесінің аты, тегі, орналасқан жері көрсетіледі. Өтінішті ТМ әкімшілігі заңнамалық белгіленген мерзімде қарайды және мәселе оң шешілген жағдайда, тиісті ТМ әкімшілігіне сұрау жіберіледі. Сұрауға оң жауап алынған кезде, хат жазушысы адамдардың сауалнамалық деректері арнаулы жорналға есепке қою үшін енгізіледі (19-қосымша). Журналды хат тексеру инспекторы жүргізеді. Бас тартылған жағдайда , сотталғанға белгілеген тәртіппен дәлелді жауап беріледі.

Ескерту. 70-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің 2007.10.02. N 273 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

72. Жазбаша өтініштер мекен-жай бойынша түзеу мекемесінің әкімшілігі арқылы жөнелтіледі. Олар түрменің арнайы есепке алу бөлімінде немесе колония хатшысында (іс жүргізушіде) тіркеледі және үш тәуліктен кешіктірілмей адресатқа жөнелтіледі.

73. Жаза атқарушы мекемелер мен органдардың қызметін бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын органдарға жіберілетін өтініштер тексеруге және цензураға жатпайды және бір тәулік ішінде жөнелтіледі.

74. Сәлемдемелер, посылкалар алу, кездесулерге рұқсат алу, ақша жұмсау, еңбекақы аудару, еңбекті пайдалану, медициналық көмек көрсету, заттай мүліктермен қамтамасыз ету, сондай-ақ жергілікті жерде түзеу мекемесінің әкімшілігі шеше алатын осындай сипаттағы өзге де мәселелер жөніндегі өтініштер оларды органдардың немесе жіберілген адамның карауын күтпей-ақ рұқсат беріледі.

75. Мемлекеттік органдарға және қоғамдық бірлестіктерге, сондай-ақ лауазымды адамдарға жіберілетін өтініштерге ТМ әкімшілігі цензура жасамайды және бір тәуліктен (демалыс және мереке күндерін қоспағанда) кешіктірілмей тиесілігі бойынша жіберіледі.

Ескерту. 75-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 2007.10.02. N 273 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

76. Өтініштерге қарау нәтижесі бойынша келген жауаптар келісімен, бірақ үш күн мерзімнен кешіктірілмей қолхат арқылы сотталғанға хабарланады және олардың жеке ісіне тігіледі.

77. Жазбаша түрде баяндалған өтініштерге Ереженің 67 пунктінің күші толық түрде таралады.

## 15. Сотталғандарға кездесулер беру тәртібі

78. ҚР ҚАК-нің 84-бабында белгіленген тәртіппен, сотталғандарға туысқандарымен немесе өзге адамдармен қысқа мерзімді кездесу түзеу мекемесі өкілінің қатысуымен беріледі. Жұбайымен, ата-аналарымен, асырап алушылармен, асырап алған балаларымен, бірге туған ағаларымен және әпкелерімен, аталарымен, әжелерімен, немерелерімен, ал ерекше жағдайларда түзеу мекемесі бастығының - өзге адамдармен бірге тұру құқығымен ұзақ мерзімді кездесу беріледі.

79. Кездесуге рұқсатты сотталғанның не болмаса онымен кездесуге келген адамның өтініші бойынша түзеу мекемесінің бастығы немесе оның орнындағы адам береді. Кездесу беруден бас тартылған кезде сотталғанмен кездесуге өтініш білдірушінің өтінішіне бас тартудың себебі туралы белгі қойылады. Кездесуге келген адамның жеке басын, сондай-ақ олардың туыстық байланыстарын куәландыратын құжаттар болып табылатындар: паспорт, әскери билет, жеке бас куәлігі, туу туралы куәлік, неке туралы куәлік, қамқоршы органдардың құжаттары.

79-1. Кездесуге келген адамның не сотталғанның өтінішін ТМ кездесу бөлмесіндегі жауапты бақылаушы қабылдайды. Өтініш үлгілері келушілерге арналған бөлмеде көрнекі ақпарат стендінде ілінеді.

Ескерту. 79-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің 2007.10.02. N 273 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

80. Кездесуге келген адамды түзеу мекемесінің бастығы немесе оның орынбасары, не болмаса отряд бастығы немесе түзеу мекемесі бастығының кезекші көмекшісі қабылдайды. Оларға сотталғанның жүріс-тұрысы туралы хабарланады және кездесу кезіндегі мінез-құлқы жөнінде, жасырын сәлемдемелер беруге болмайтындығы туралы және егер белгіленген тәртіптің бұзылғандығы байқалса, кездесудің дереу тоқтатылатындығы туралы ескерту жасалады.

81. Сотталғандар әдетте, ұзақ мерзімді кездесулер кезеңінде жұмыстан алдын ала немесе соңынан өтейтін болып босатылады.

82. Сотталғанға бірінші кездесу күзет қамауында ұсталған жерде бұрын кездесу алғанына қарамастан, түзеу мекемесіне келісімен берілуі мүмкін. Қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді кездесу құқығы болған кезде қайсысын бірінші

алуды сотталған анықтайды. Одан кейінгі кездесу он екі айды сотталғанға бір жылда тиесілі аталған түрдегі кездесу санына бөлгендегі бөлікке тең кезеңнің өтуі бойынша беріледі.

83. Түзеу мекемелерінің қалыпты қызметіне кедергі келтіретін эпидемияға қарсы шаралар өткізу, табиғи зілзалар және басқа да төтенше жағдайлар кезінде кездесулер уақытша тоқтатылуы мүмкін. Түзеу мекемелерінің қалыпты қызметіне кедергі келтіретін карантинге, табиғи зілзалаға немесе төтенше оқиғаларға байланысты сотталғандарға кездесу үшін берілмеген уақыт мерзімге қоса есептеледі, ол мерзім өткеннен кейін сотталғанға кездесу берілуі мүмкін.

84. Әкімшілік кездесуге келген адамның талабы бойынша кездесудің мерзімін қысқартуы мүмкін. Кездесулерді біріктіруге немесе бір кездесуді бірнешеге бөлуге жол берілмейді.

85. Сотталғандар кездесуге ұқыпты түрмен келуі қажет. Ұзақ мерзімді кездесулер кезеңінде олар туысқандары әкелген киімдерді, іш киімдерді және аяқ киімдерді пайдалана алады. Сотталғандар кездесуге дейін және одан кейін толық тінтуден өтеді.

86. Сотталғанға бір мезгілде жанында сотталғанның кәмелеттік жасқа толмаған аға-інілері, әпке-қарындастары, балалары, немерелері бола алатын екі ересек адаммен ұзақ мерзімді кездесуге рұқсат етіледі. ӨБА-ға сотталғандарға ұзақ мерзімді кездесулерге олардың кәдімгі және жеңілдетілген жағдайларда жазаларын өтеу кезінде рұқсат беріледі.

Ескерту: 86-тармаққа толықтыру енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 27 мамырдағы N 154 бұйрығымен.

87. Сотталғанмен кездесуге келген адам, оған түзеу мекемесінің әкімшілігі кездесу тәртібін түсіндірген соң, ақшаларын, сондай-ақ түзеу мекемесінде пайдалануға рұқсат етілмейтін заттар мен бағалы заттарын қолхат бойынша кездесу өткізу жөніндегі бақылаушыға сақтауға тапсырады.

88. Кездесуге келген адам сотталғанға түзеу мекемелерінде сақтауға рұқсат етілмеген құралдарды, бұйымдарды және заттарды беруге ниеті бар деп ойлауға жеткілікті негіз табылса, түзеу мекемесінің бастығы мұндай адамға ол өзіне тиесілі заттар мен киімдерді қарауға келіскен кезде ғана кездесу берілетінін хабарлайды. Қараудан жасырған рұқсат етілмеген құралдар, бұйымдар және заттар табылған жағдайда ол тұлға кездесуге кіргізілмейді.

89. Егер кездесуге келген адам заттары мен киімдерін қараудан бас тартса оған сотталғанмен ұзақ уақыт кездесуге рұқсат етілмейді, бірақ та қысқа мерзімді кездесу берілуі мүмкін.

90. Келуші кездесу өткізудің белгіленген тәртібін бұзған кезде ол дереу тоқтатылады.

91. Сотталғанмен кездесуге келген адамның қысқа мерзімді кездесу өткізілетін бөлмеге қандайда бір тамақ өнімдерін немесе заттарды алып кіруіне жол берілмейді, ал тәрбие колонияларында - әкімшіліктің қарауы бойынша. Ұзақ мерзімді кездесу кезінде тамақ өнімдерін (арақ-шарап өнімдері мен сырадан басқа) алып кіруге рұқсат етіледі. Кездесу бөлмесіне әкелінетін азық-түлік пен басқа да бұйымдарды кездесу бөлмесіндегі бақылаушы және жіті қарау тобының қызметкерлері жіті қарайды. Кездесу уақытында пайдалануға арналған азық-түлік пен бірінші кезектегі бұйымдар кезекті тапсыру есебіне кірмейді.

Ескерту. 91-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007.10.02. N 273 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

92. Түзеу мекемесінің шегінен тыс ұзақ мерзімді кездесуге рұқсат етілген соң сотталғанға айдауылсыз жүріп-тұру құқығын пайдаланатын адамдарға арналған рұқсат қағазына ұқсас, ал тәрбие колониясында сотталғанға көтермелеу ретінде колониядан тысқары шығу құқығын алған сотталғанға берілетін рұқсат қағазына ұқсас рұқсат қағазы беріледі. Кездесуді өткізу орны мен тәртібін сотталғанның мінез-құлқын қадағалауды ескере отырып, түзеу мекемесінің бастығы белгілейді. Сотталғанға түзеу мекемесінің шегінен тыс кездесу орнын өз еркімен тастап кетуге тыйым салынады.

93. Сотталғанмен кездесуге келушілердің ұзақ мерзімді кездесу бөлмесінде тұруын өздері немесе сотталған адамдардың жеке қаражаты есебінен, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен анықталған тариф және ставка бойынша төлейді.

94. Кездесу түрлерін алмастыру сотталғанның жазбаша өтініші бойынша жүргізіледі.

Ескерту. 94-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007.10.02. N 273 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

95. Сотталғандардың заңгерлік көмек алулары үшін олардың өтініштері бойынша қорғаушылармен немесе заңгерлік көмек көрсетуге құқығы бар өзге де адамдармен кездесу беріледі. Сотталғанның тілегі бойынша кездесу бөлу қоршауымен оңаша берілуі мүмкін, ӨБА-ға және ӨЖ-ға сотталғандарға арнайы жабдықталған бөлмелерде, мұндай кездесулердің құпиялылығын қамтамасыз ететін жағдайларда беріледі.

Ескерту: 95-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2004.05.27. N 154, 2007.10.02. N 273 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Бұйрықтарымен.

96. Мұндай кездесулер заңмен белгіленген кездесулер санына есептелмейді, олардың саны мен ұзақтығына шек қойылмайды, алайда кездесу сотталғандардың жұмыстан тыс уақытында және тек таңертең тұрғаннан кешкі жатарға дейінгі сағаттарда өткізіледі.

96-1. Кездесулер беру туралы барлық өтініштер белгіленген нысандағы журналда тіркелуі және сотталғандардың жеке ісінің материалдарына қосылуы тиіс (20-қосымша). Журналды кездесу бөлмесінде қадағалау жөніндегі бақылаушы жүргізеді. Бас тартылған жағдайда сотталғанға дәлелді жауап беріледі.

Ескерту: 96-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің 2007.10.02. N 273 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

## 16. Сотталғандарға телефонмен сөйлесуге рұқсат беру тәртібі

97. Телефон сөйлесулеріне рұқсат сотталғандардың жазбаша өтініші бойынша беріледі, онда мекен-жайы, абоненттің телефон номері және сөйлесу ұзақтығы көрсетіледі, бірақ ол 15 минуттан аспауы керек. Қалааралық телефон сөйлесулерінің төлемі сотталғандардың жеке есеп шотынан қолданылып жүрген тариф бойынша жүзеге асырылады. Телефон сөйлесулері әкімшіліктің бақылауымен өткізіледі.

98. Телефонмен сөйлесуге ТМ бастығы не оның алмастыратын адам сотталғанның жазбаша өтініші негізінде рұқсат береді. Телефонмен сөйлесу өткізілген соң сөйлесу өткізуге жауапты ТМ қызметкері өтінішке болған не қандай да бір себеппен болмаған телефонмен сөйлесу туралы белгі қояды. Одан кейін арыз тіркеуге және тиісті номенклатуралы іске енгізуге кездесу бөлменің бақылаушысына беріледі. Егер сөйлесулерді мекеме бастығының кезекші көмекшісі кешкі уақытта (сағат 19-дан 20-ға дейін) өткізген жағдайда, өтініш кездесу бөлмесіне келесі күні тапсырылады.

Ескерту. 98-тармақпен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің 2007.10.02. N 273 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

99. Түзеу мекемелерінде ұсталушы сотталғандар арасында телефон сөйлесулеріне тыйым салынады.

100. Қатаң жағдайда ұсталушы сотталғандарға, сондай-ақ айыптылық, тәртіптік изоляторларында, камералық үлгідегі үй-жайларда және жалғыз адамдық камераларда айып шараларын өтеушілерге телефон сөйлесулеріне тек ерекше жеке жағдайларда ғана рұқсат етілуі мүмкін.

100-1. ӨБА-ға және ӨЖ-ға сотталғандарға телефонмен сөйлесуге рұқсатты ТМ бастығы ерекше жеке жағдайларда береді

Ескерту: 100-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 27 мамырдағы N 154 бұйрығымен.

100-2. Сөйлесу, телефон немесе таксофон аппаратын пайдалану ережесі бұзылған не әңгімелесу кезінде этика мен мораль нормаларын сақтамаған

жағдайда сөйлесулер дереу тоқтатылады.
Ескерту. 100-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің 2007.10.02. N 273 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

## 7-Тарау. Сотталғандарға түзеу мекемелерінің шегінен тыс шығуға рұқсат беру тәртібі. Түзеу мекемесінің шегінен тыс жерде айдауылсыз немесе еріп жүрусіз жүріп-тұру құқығын пайдаланушы сотталғандардың, жеңіл жағдайда ұсталатын сотталғандардың жүріс-тұрыс ережелері

### 17. Сотталғандарға түзеу мекемелерінің шегінен тыс шығуға рұқсат беру тәртібі

101. Түзеу мекемелерінің шегінен тыс шығуға рұқсатты сотталғанның жазбаша өтініші негізінде мекеме бастығы береді.

102. Қысқа мерзімді шығуға рұқсат беру туралы өтінішке ерекше жеке бас жағдайын растайтын құжаттар денсаулық сақтау органдарының, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының және берілген жеріндегі ішкі істер органдары куәландырылған басқа да ресми құжаттар, сотталғанның босатылған соң еңбекке және тұрмысқа орналастыру мәселелерін алдын ала шешу үшін берген өтініші және еңбекке және тұрмысқа орналастыру жөніндегі аға инспектордың дәлелді қолдаухаты қоса беріледі.

103. Жыл сайынғы ақы төленетін демалыс кезіндегі ұзақ мерзімді шығулар сотталғанның өтініші бойынша графикке сәйкес беріледі. Жұмыспен қамтамасыз етілмеген, бірақ оның себебі оларға байланысты емес сотталғандардың шығу кезегі бөлек график бойынша белгіленеді. Шығуға рұқсат түзеу мекемесі бастығының бұйрығымен ресімделеді.

104. Ұзақ мерзімге немесе қысқа мерзімге шығуға рұқсат алған сотталғандарға бекітілген нысандағы куәлік беріледі, шығу тәртібі түсіндіріледі, оған бас бостандығынан айыру жазасын өтеуден жалтарудың қылмыстық жауапкершілігі туралы ескертіледі, ол туралы қолхат береді (7, 8-қосымша). Шығуға байланысты шығындарды төлеуге ақшаны сотталғанның жазбаша өтініші бойынша түзеу мекемесінің бухгалтериясы береді.

105. Жолақы билетін сотталған өз бетінше сатып алады. Қажет болған жағдайда мекеме әкімшілігі оған көмек көрсетеді.

106. Шығу кезеңінде сотталғанның өзіне тиесілі азаматтық киімдері мен аяқ киімдерін алуына құқығы бар.

107. Сотталған белгіленген жерге келген соң бір тәулік ішінде ішкі істер органдарының кезекші бөліміне, ал ауылдық жерлерде - полицияның учаскелік

инспекторына келуге және куәлігіне келгені туралы белгі жасатуға, келу мақсатын, болатын жері мен мерзімін, кететін датасын хабарлауға міндетті. Шығу уақыты аяқталуы бойынша сотталған сол ішкі істер органында мекемеге кеткені туралы куәлігіне белгі қойдырады. Түзеу мекемесіне түнгі уақытта немесе таңертең ерте қайтатын кезде белгі қайтатын күннің алдындағы күні қойылады. Келген және кеткен датасы туралы белгі ішкі істер органының мөрімен куәландырылады.

108. Сотталған мекемеге оралған соң куәлігін, жолақы билеттерін көрсетеді. Сотталғанның белгіленген мерзімде шығуын қиындататын ойда болмаған жағдай туындаған жағдайда, сотталғанның келген жеріндегі ішкі істер органы бастығының қаулысы бойынша түзеу мекемесіне қайту мерзімі 5 тәулікке дейін созылуы мүмкін, бұл туралы түзеу мекемесінің әкімшілігіне міндетті түрде жедел хабарланады.

109. Сыртқа шыққан уақытында ауырған және сотталғанды госпитализациялау қажеттігі кезінде оның ата-анасы немесе олардың орнындағы адамдар ол туралы сотталғанның жаза өтеп жүрген түзеу мекемесінің әкімшілігіне және келген жеріндегі ішкі істер органына дереу хабарлайды. Мұндай жағдайда ол қылмыстық-атқару жүйесінің жақын жердегі емдеу мекемесіне немесе денсаулық сақтау органының емдеу мекемесіне жіберілуі мүмкін. Емдеу аяқталған соң және шыққан соң сотталған осы параграфпен бекітілген тәртіппен жаза өтеу орнына келеді.

110. Жауап беру қабілеттілігін жоққа шығармайтын психикалық бұзулардан зардап шегуші сотталғандарға, I және II топтағы мүгедек болып табылатын және денсаулық жағдайына байланысты тұрақты күтімді қажет ететін сотталғандарға, сондай-ақ кәмелеттік жасқа толмаған сотталғандарға түзеу мекемесінің шегінен тыс шығуға туысқандарының немесе өзге де адамдардың ілесуімен рұқсат етіледі .

## 18. Түзеу мекемесінің шегінен тыс жерде айдауылсыз немесе еріп жүрусіз жүріп-тұру құқығын пайдаланушы сотталғандардың, сондай-ақ жеңілдетілген жағдайларда ұсталатын сотталғандардың жүріс-тұрыс ережелері

111. Айдауылсыз немесе еріп жүрусіз жүріп-тұру құқығын пайдаланушы, сондай-ақ жеңілдетілген жағдайларда ұсталатын сотталғандары бекітілген үлгідегі рұқсат қағазы негізінде түзеу мекемесінің шегінен тыс жерде жүріп-тұру құқығын пайдаланады.

112. Бұл сотталғандар жұмыстан бос уақыттарында оларға мекеме әкімшілігі анықтап берген тұратын жатақхананың (объектінің) шегінде болуға және сотталғандардың түзеу мекемесіндегі жүріс-тұрыс ережесін сақтауы керек.

113. Сотталғандар тұрғын аймақтан немесе жатақханадан (тұрғын объектісі) тыс жерде жүрген кезде:

1) жүріп-тұру бағытын және уақытын, қоғамдық тәртіп ережелерін сақтауға;

2) жұмыстан соң тұрғын зонаға немесе жатақханаға (объектіге) дер кезінде оралуға және келгені туралы әкімшілік өкіліне хабарлауға;

3) түзеу мекемесі қызметкерлерінің және полиция қызметкерлерінің алғашқы талабы бойынша рұқсат қағазын көрсетуге. Тұрғын зонаға келген кезде оны сақшыға, бақылау-өткізу пунктінің кезекшісіне, ал жатақханада (тұрғын объектіде) қадағалауды жүзеге асырушы әкімшілік өкіліне тапсыруға міндетті.

114. Сотталғандарға:

1) күн тәртібінде белгіленбеген уақытта тұрғын зонадан және жатақханадан (объектіден) шығуға;

2) жұмыс уақытында жұмыс объектісін тастап кетуге;

3) жөнелту үшін сотталғандардың және өзге адамдардың тапсырған хаттарын қабылдауға және өзге тапсырмаларын орындауға;

4) рұқсат қағазын басқа адамдарға беруге тыйым салынады.

115. Жеңілдетілген жағдайларда ұсталатын сотталғандар мекеме бастығының рұқсатымен таныстық орнатуына және жеке адамдардың пәтерлеріне баруға, босатылған соң тұрмысқа және еңбекке орналастыру мәселелерін шешу үшін мекемелерге, кәсіпорындар мен ұйымдарға бара алады, тәрбие колонияларында жазасын өтеуші осы санаттағы сотталғандар бұдан басқа, тәрбие колониясы бастығының рұқсатымен сауда және коммуналдық-тұрмыстық, мәдени-ағарту және спорттық мақсаттағы кәсіпорындарға бара алады.

116. Аталған жүріс-тұрыс ережесі сотталғанға қолхатпен хабарланады және айдауылсыз немесе еріп жүрусіз жүріп-тұру құқығы берілгені туралы, сондай-ақ күзет қамауынан, күзеттен түзеу мекемесі әкімшілігінің қадағалауына босатылғаны туралы қаулымен бірге оның жеке ісіне тігіледі.

## 19. Тәрбие колонияларында ұсталынушы сотталғандарға көтермелеу ретінде мекеменің шегінен тыс жерге шығуға рұқсат беру тәртібі

117. Сотталғандардың осы колония қызметкерлерінің, сондай-ақ ата-аналарының, олардың орнындағы адамдардың немесе басқа жақын

туыстарының ілесуімен көтермелеу ретінде тәрбие колониясының шегінен тыс жерге шығуы тәрбие колониясы бастығының көтермелеу туралы бұйрығының негізінде жүзеге асырылады.

118. Сотталғанға бекітілген үлгідегі рұқсат қағазы беріледі, ол олардың жеке ісінде сақталады.

## 8-Тарау. Бас бостандығынан айыруға сотталғандарды медициналық-санитарлық қызметпен қамтамасыз ету 20. Сотталғандарға емдеу-профилактикалық және санитарлық-профилактикалық көмек көрсету және ұйымдастыру

119. Түзеу мекемелерінің медициналық бөлімшесінде сотталғандарды қабылдау түзеу мекемесі медициналық бөлімшесінің жұмыс режиміне сәйкес алдын ала жазба бойынша және медициналық қызметкерлердің тағайындаулары бойынша жүргізіледі.

120. Сотталғандардың жедел көрсеткіштері бойынша әдетте, денсаулық сақтау органдарының аумақтық емдеу-профилактикалық ұйымдарына, ӨБА-ға және ӨЖ-ға сотталғандарды қоспағанда, жөнелтіледі.

Ескерту: 120-тармаққа толықтыру енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 27 мамырдағы N 154 бұйрығымен.

121. Сотталғанның туысқандарынан алынған медициналық дәрі-дәрмектерді қабылдауы қатаң медициналық көрсеткіштер бойынша және тек түзеу мекемесі медицина қызметкерлерінің қатаң бақылауымен жүзеге асырылады.

122. Сотталғандар өздерінің тілектері бойынша жеке қаражаты есебінен емдеу-профилактикалық мекемелері және қылмыстық-атқару жүйесі емдеу түзеу мекемелері жағдайында денсаулық сақтау органдарының мамандары көрсететін кез-келген ақылы, қосымша емдеу-профилактикалық көмектерді ала алады. Бұл үшін сотталғандар түзеу мекемесінің бастығына өзінің алғысы келген қосымша емдеу-профилактикалық көмектің түрін, медицина маманының тегін, атын, әкесінің атын көрсетіп тиісті өтініш жазады. Аталған мәселені шешу кезінде түзеу мекемесі медицина қызметкерлерінің пікірлері ескеріледі. Өтініш үш күннің ішінде қаралады және медицина маманының келетін уақыты анықталады. Маман келген соң оның медициналық қызметпен айналысу құқығы анықталады.

123. Қосымша емдеу-профилактикалық көмектің түрі және оның көлемі сотталғанның медициналық картасына белгіленеді.

124. Қосымша емдеу-профилактикалық көмектің төлемі сотталғанның жеке есеп шотындағы ақшадан сотталғанның өтінішінде көрсетілген сома медициналық мекеменің не болмаса медицина қызметкерінің мекен-жайына пошта (телеграф) арқылы аудару жолымен жүзеге асырылады.

124-1. ӨБА-ға және ӨЖ-ға сотталғандарға медициналық көмек көрсету сотталғанға қажет көмек көрсетілетін коридорда орналасқан уақытша ұстайтын арнайы камераларда жүргізіледі. Сотталғандарды колония сыртына шығаруда кезеңді болдырмау мақсатында мекемеде арнайы кабинеттер онда хирургиялық стол, тіс кабинетіндегі кресло, рентген аппараты сотталғандарды кісенмен отырғызу үшін тірегішпен жабдықталады.

ӨБА-ға және ӨЖ-ға сотталғандар түберкулездің ауыр түрімен ауыратын аурулар және соматикалық аурулар камералық ұсталатыны бар мекеменің медициналық изоляторларында орналасады. Осы санаттағы сотталғандардың сапқа түзілуі аурулық режимдегі камераларға бару уақыты әкімшілікпен қарастырылмаған.

Ескерту: 124-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 27 мамырдағы N 154 бұйрығымен.

## 21. Сотталғандарды емдеу-профилактикалық мекемелеріне орналастыру және ұстау шарттарының ерекшеліктері

125. Емдеу-профилактикалық мекемелерінде тек қылмыстың аса қауіпті рецидиві бойынша сотталған, өмір бойы бас бостандығынан айыруға сотталған, сондай-ақ өлім жазасы кешірім жасау тәртібімен бас бостандығынан белгілі бір мерзімге немесе өмір бойы бас бостандығынан айыруға алмастырылған, бас бостандығынан айыру жазасын түрмеде өтеуге сотталған ер адамдар басқа санаттағы сотталғандардан оқшау ұсталады. Мұндай сотталғандар түрме типінде арнайы бөлінген және жабдықталған палаталарда ұсталады. Сондай-ақ кәмелеттік жасқа толмағандар басқа сотталғандардан, ал әйелдер - еркектерден бөлек ұсталады. Әртүрлі жұқпалы аурулармен ауыратын сотталғандар инфекция түрлеріне қарай бөлек-бөлек және соматикалық науқастардан бөлек ұсталады.

126. Өз құрылымында психиатриялық (жұқпалы аурулар) бөлімшелері ( палатасы) бар емдеу мекемелерінде ауруларды оқшаулауды қамтамасыз ететін режим, сондай-ақ барлық санаттағы сотталғандардың мінез-құлқына күшейтілген қадағалау белгіленеді.

127. Емдеу-профилактикалық мекемелеріндегі сотталғандарға ұзақ мерзімді кездесу дәрігердің қорытындысы бойынша беріледі.

128. Қысқа мерзімді кездесулерді түзеу мекемелерінің тиісті түрлері үшін белгіленген норма бойынша емдеу-профилактикалық мекемелерінің бастықтары береді.

129. Сотталғанның өміріне қауіп төндіретін ауыр сырқат жағдайында мекеме бастығы сотталғанның жақын туыстарына кіріп шығуға мүмкіндік береді. Мұндай келулер кезекті кездесу есебіне есептелмейді.

130. Егер сотталған айыптылық және тәртіптік изоляторларынан, не болмаса жалпы, қатаң режимдегі колониялардың камералық үлгідегі үй-жайынан ерекше режимдегі колонияның жалғыз адамдық камерасынан, не болмаса түрмедегі қатаң режимнен қасақана өз-өзіне қандай да бір жарақат салып немесе ауруын сылтауратып емдеу-профилактикалық мекемесіне ауыстырылса, олардың емдеу-профилактикалық мекемесінде болған уақыты жаза шарасын өтеу мерзіміне есептелмейді.

Ескерту. 130-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2010.02.25 N 66 Бұйрығымен.

131. Емдеу-профилактикалық мекемесінің тәртібіне емдеу шаралары кіреді сотталғандардың бар-жоғын жекеленген учаскелері бойынша тәулікте кемінде 2 рет өткізеді.

132. Ұзақ мерзімді кездесулер түзеу мекеменің тиісті түріне белгіленген нормалары, сотталғандардың терісқөрсеткіштері жоқ жағдайларында беріледі.

133. Сотталғандардың еңбекке тартылуы медициналық көрсеткіштеріне, жұмыс қабілетіне қарай ұйымдастырылады.

134. Осы мекемелерде белгіленген режимді бұзған сотталғандар мыналарды: олар айыптық, тәртіптік изоляторларына, камералық үлгідегі үй-жайларға және жалғыз адамдың камераларға ауыстыруды қоспағанда толық көлемде жауапты болады.

135. Тармақ алынып тасталынды - ҚР Әділет министрінің 2002 жылғы 20 қарашадағы N 167 бұйрығымен.

## 9-Тарау. Қатаң жағдайда, айыптық және тәртіптік оқшаулау орнында, камералық үлгідегі үй-жайларда; жалғыз адамдық камерада, қауіп төнбейтін жерде жазаны өтеу, түзеу мекемелердегі жабылатын үй-жайларда (камераларда)

Ескерту: 9-бөлімнің тақырыбына өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің м.а. 2010.10.26 N 292 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін, күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

## 22. Сотталғандарды жаза өтеудің қатаң жағдайында ұстау ерекшеліктері

136. Жазаларын қатаң жағдайда өтеуші сотталғандар тұратын үй-жайлар онда ұсталушыларды жазаларын басқа жағдайда өтеуші сотталғандардан оқшаулауды қамтамасыз ете отырып, коммуналдық-тұрмыстық объектілердің толық кешенімен жабдықталады.

137. Жазаларын қатаң жағдайда өтеуші сотталғандар тұратын үй-жайлар онда ұсталушылардың кесте бойынша санитарлық тазартудан өткізіледі.

138. Жалпы білім беретін және кәсіптік мектептерде оқитын адамдар, түзеу колонияларында қатаң жағдайда жаза өтеу кезеңінде сабаққа шығарылмайды. Оларға өз бетінше оқу және оқытушылармен кеңесу мүмкіндігі беріледі.

Ескерту. 138-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2005 жылғы 12 мамырдағы N 128 бұйрығымен.

139. Сотталғандарды еңбекке пайдалану, тамақтандыру, медициналық тексеру, санитарлық тазартудан өткізу, амбулаторлық емдеу, жеке мәселелері бойынша қабылдау жұмыстары жазаларын ұстаудың басқа жағдайында өтеуші сотталғандардан бөлек ұйымдастырылады.

Ескерту. 139-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007.10.02. N 273 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

## 23. Сотталғандарды айыптылық және тәртіптік изоляторларында, камералық үлгідегі үй-жайларда, жалғыз адамдық камераларда ұстау жағдайларының ерекшеліктері

140. Сотталғандарға айыптылық және тәртіптік изоляторларына сүлгі, сабын, тіс тазалайтын ұнтақ пен паста, тіс щеткасынан басқа өздерінде бар тамақ өнімдерін және жеке заттарын өздерімен бірге алуға тыйым салынады. Оларға кітаптарды, газеттерді, журналдарды және өзге де әдебиеттерді пайдалануға рұқсат берілмейді. Айыптылық изоляторында сотталғандарға темекі тарту серуендеу кезінде ғана рұқсат етіледі. Сотталғандарға тиесілі шай, темекі бұйымдары және сіріңке айыппұл камера тектес үй-жайдың (бір адамдық камера) айып изоляторы үй-жайының сақтау камерасында арнайы жасалған шкафта ( жәшікте) сақталады. Шай ас таратылған уақытта ыстық суымен бірге беріледі. Темекі бұйымдары мен сіріңке күн тәртібіне сәйкес сотталғандарды серуенге шығару уақытында беріледі.

Ескерту. 140-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007.10.02. N 273 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

141. Тамақ өнімдері қоймаға тапсырылады және сотталғандарға олар айып жазасын өтеген соң беріледі. Әкімшілік олардың сақталуы үшін шара қабылдайды, алайда тамақ өнімдері ұзақ сақтау салдарынан табиғи түрде бұзылса, бұл туралы комиссия акт жасайды және олар жойылады.

142. Айыптылық және тәртіптік изоляторларына, камералық үлгідегі үй-жайларға және жалғыз адамдық камераларға орналастырылған сотталғандарға темекі шегуге тыйым салынады (өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету және санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау үшін).

Сотталғандарды айыптылық және тәртіптік изоляторларына, камералық үлгідегі үй жайларға және жалғыз адамдық камераларға қабылдау кезінде олар толық тінтуден өткізіледі, содан соң, осы үй-жайларға бекітілген киімдерді киеді.

Ескерту: 142-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің м.а. 2010.10.26 N 292 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін, күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

143. <*>

Ескерту: 143-тармақ алынып тасталды - ҚР Әділет министрінің м.а. 2010.09.27 N 268 (ресми жариялаған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

144. Камералық үлгідегі үй-жайларда, жалғыз адамдық камераларда ұсталушы сотталғандарға өздерімен бірге оқулықтар, жай қарандаш, автоқалам, стержень, дәптер, пошта маркаларын, құттықтаухат, конверт алуға, кітапхана қызметін пайдалануға, кітаптар, газет-журналдар жаздырып алуға рұқсат етіледі.

145. Жалпы білім беретін мектептерде, кәсіптік-техникалық училищелерде және кәсіби-техникалық дайындық курсында оқитын адамдар айыптылық изоляторларында, камералық үлгідегі үй-жайларда, жалғыз адамдық камераларда болған кезеңінде сабаққа шығарылмайды. Оларға өз бетінше оқу және оқытушылардан кеңес алу мүмкіндігі беріледі. Тәртіптік изоляторларында ұсталушы сотталғандар тәртіп изоляторының үй-жайында орналасқан оқу сыныптарына сабаққа апарылады.

146. Сотталғандарды камералық үлгідегі үй-жайлардан не болмаса жалғыз адамдық камералардан камералық үлгідегі үй-жайларда және жалғыз адамдық камераларда жасаған теріс қылықтары үшін айыптылық изоляторына ауыстырған кезде оларды айыптылық изоляторында ұстау мерзімі камералық үлгідегі үй-жайларда және жалғыз адамдық камераларда ұстау мерзіміне есептелмейді. Бас бостандығынан айыру жазасын айыптылық изоляторында өтеудің белгіленген тәртібін қасақана бұзған сотталғанды камералық үлгідегі үй-жайларға ауыстырған жағдайда камералық үлгідегі үй-жайларда ұстау мерзімі айыптылық изоляторындағы жазасын өтеген соң есептеледі.

147. Сотталғандар камерада, жұмыс уақытында өндіріс объектісінде тамақтанады.

148. Айыптылық изоляторында, камералық үлгідегі үй-жайларда және жалғыз адамдық камераларда ұсталушы сотталғандарды медициналық қарау және амбулаторлық емдеу арнайы жабдықталған үй-жайда жүзеге асырылады. Санитарлық тазарту басқа сотталғандардан бөлек өткізіледі. Науқас сотталғандар медициналық көрсеткіштері бойынша жеке камераларға орналастырылады.

149. Айыптылық, тәртіптік изоляторларына орналастырылған, камералық үлгідегі үй-жайларға, жалғыз адамдық камераларға ауыстырылған

сотталғандарға төсек-орын жабдықтары тек ұйқы уақытында ғана беріледі. Үй-жайдың шегінен тыс жерге шығарылған кезде оларға маусым бойынша киімдер беріледі.

150. Айыптылық және тәртіптік изоляторының камералық үлгідегі үй-жайлардағы кезекшілік пен сыпыру кезек бойынша әрбір сотталғанға жүктеледі. Кезекшінің міндеттерін түзеу мекемесінің әкімшілігі белгілейді. Жалғыз адамдық камераны тазалауды онда ұсталушы адам жүзеге асырады.

Ескерту. 150-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007.10.02. N 273 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

151. Сотталғандарды қасақана өз-өзіне қандай да бір жарақат салумен және ауруын сылтауратумен байланысты емес себептер бойынша айыптылық және тәртіптік изоляторларынан, камералық үлгідегі үй-жайлардан, жалғыз адамдық камералардан емдеу-профилактикалық мекемесіне ауыстырылған жағдайда олардың қылмыстық-атқару жүйесінің емдеу-профилактикалық мекемесінде болу мерзімі жаза өткеру мерзіміне есептеледі.

Ескерту. 151-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2010.02.25 N 66 Бұйрығымен.

152. Сотталғандарды айыптылық изоляторларынан, камералық үлгідегі үй-жайлардан және жеке адамға арналған камералардан, бұл медициналық көрсеткіштер бойынша немесе прокурордың талабы бойынша жүргізілген жағдайдан басқа кезде мерзімінен бұрын босатуға жол берілмейді. Тәртіптік изоляторларда ұсталушы сотталғандар бұдан басқа көтермелеу түрінде мерзімінен бұрын босатылуы мүмкін.

153. Түзеу мекемесінің бастығы жоқ кездегі төтенше жағдайларда, егер жасалған қылмыстың немесе режимді қасақана бұзудың жолын өзге шаралармен кесу мүмкін болмаса, сотталғандар колония бастығының кезекші көмекшісінің, тәрбие колонияларының және түрмелердің бастықтарының кезекші көмекшілерінің қаулылары бойынша түзеу колониясының бастығы келгенше, бірақ 24 сағаттан артық емес уақытқа қатаң режимдегі түзеу мекемесінің айыптылық және тәртіптік изоляторларына, жеке адамға арналған камераларға орналастырылуы мүмкін. Мұндай оқшаулау тәртіптік жаза болып табылмайды.

## 24. Сотталғандарды қауіпсіз орынға ауыстыру

154. Мұндай адамды түзеу мекемесі бастығының қаулысы бойынша 30 тәуліктен артық емес мерзімге, шұғыл жағдайда - колония бастығының кезекші көмекшісі бастық келгенше, бірақ 24 сағаттан аспайтын мерзімге қауіпсіз орынға ауыстырады.

155. Қажет болған жағдайда аталған түзеу мекемесінде заңның сақталуын қадағалауды жүзеге асырушы прокурордың келісімімен қауіпсіз орында ұстау мерзімі 30 тәулікке дейін ұзартылуы мүмкін. Сотталғанды қауіпсіз орынға, оның ішінде айыптылық, тәртіптік изоляторларына, камералық үлгідегі үй-жайларға ауыстыру көрсетілген негіз бойынша жаза болып табылмайды.

156. Өзге үй-жайлардан басқа мұндай мақсатқа айыптылық, тәртіптік изоляторларының камералары, камералық үлгідегі үй-жайлар пайдалануы мүмкін.

157. Сотталғанның жеке басының қауіпсіздігін қамтамасыз етуде жоғарыда тізбеленген шаралар нәтижесіз болса, түзеу мекемесінің бастығы оны белгіленген тәртіп бойынша басқа түзеу мекемесіне ауыстыру (сотталғанның жеке басына қауіп төндіруші адамды ауыстыру) туралы шешім қабылдайды.

157-1. Жалпы білім беретін және кәсіптік мектептерде оқитын адамдар қауіпсіз жерлерде болған жағдайда сабаққа айдауылмен шығарылмайды. Оларға өз бетінше оқуға және оқытушылармен кеңесуге мүмкіндік беріледі.

Ескерту. 157-тармақпен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің 2005 жылғы 12 мамырдағы N 128 бұйрығымен.

## 25. Түзеу мекемелеріндегі жабылатын үй-жайларда (камераларда) сотталғандарды ұстау жағдайларының ерекшеліктері

Ескерту: Ереже 25-тараумен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің м.а. 2010.10.26 N 292 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін, күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

158. Сотталғандар түзеу мекемелерінің жабылатын үй-жайларына ( камераларына) Қазақстан Республикасы қылмыстық-атқару кодексінің 95-бабы 1 тармағымен бекітілген тұрғын алаң нормаларына сәйкес орналастырылады. Әр камерада міндетті түрде жататын жеке орын, киімдер және іш киімдер, ыдыс аяқтарды сақтау үшін шкафтар, радионүкте, санузел және қолжуғыш болуы керек. Әр корпус монша қондырғылары және душтармен жабдықталады.

159. Жабылатын үй-жайлар (камерада ұсталу) түріндегі түзеу мекемелеріне келген сотталғандар, ТМ бастығының кезекші көмекшісі немесе оның орынбасары жедел қызметкерлер мен психологтардың келісуімен карантиндік бөлімшелер камераларына орналастырылады. Карантинде болудың белгіленген мерзімі аяқталғаннан кейін, ТМ комиссиясымен сотталғандар камералар бойынша бөлінеді. Бірге қылмыс жасаған және туыстық байланыстары бар сотталғандар жеке (бөлек корпустарға) орналастырылады. Олардың арасында байланыстарды болдырмау мақсатында, мекеме әкімшілігі шаралар қабылдайды.

160. Жабылатын үй-жайларда (камераларда) ұсталынатын сотталғандармен

телебағдарламаларды көру және радиобағдарламаларды тыңдау жұмыстан бос уақытта, сондай-ақ күн тәртібімен түнгі демалуға бөлінген уақыттан басқа бос уақытта жүргізіледі. Әр камераға бір данадан артық емес теле-, аудио-, бейне техникалар рұқсат етіледі.

161. Жабылатын үй-жайларда (камераларда) ұсталынатын сотталғандардың серуендері Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің 89-бабына сәйкес жүргізіледі.

162. Камерадан шығарған және камераға кіргізген кезде, сотталғандар толық емес тінтуден өткізіледі. Сотталғандар серуенде болған кезде, тыйым салынған заттарды және қашуға дайындықты анықтау мақсатында, камераларға тексеру жүргізіледі, сондай-ақ құлыптардың, терезе торлардың және басқа да құрылғылардың жұмыс қалпы тексеріледі.

163. Түзеу мекемелерінің жабылатын үй-жайларында (камераларында) ұсталатын сотталғандарды тексеру корпуста жүргізіледі. Сотталғандар камера бойынша корпустың дәлізіне шығарылып, тексеру түбіртегі бойынша сотталғандарды салыстыру жүргізіледі. Сонымен бірге сотталғандардың сыртқы түрі тексеріледі.

164. Түзеу мекемелерінің жабылатын үй-жайларында (камераларында) ұсталатын сотталғандарға тек серуен кезінде ғана темекі тартуға рұқсат етіледі.

165. Сотталғандардың жеке заттары, жеке гигиена мен азық-түліктерді қоспағанда, сақтау камераларына тапсырылады. Сотталғандарға тиесілі темекі өнімдері мен сіріңке, шақпақтары да сақтау камераларының арнайы жабдықталған шкафтарында (жәшіктерде) сақталады. Сотталғандарға сақтау камерасындағы заттарды алу бекітілген кестеге сәйкес жүргізіледі.

166. Сотталғандармен ас қабылдау жабылатын үй-жайларда (камераларда) жүргізіледі. Өндіріс аумағына жұмыс істеуге шығарылған сотталғандар өндіріс нысандарының асханасында немесе тұрғын аумақтың асханасында ас қабылдайды.

167. Сотталғандарды дәрігердің қабылдауына (медициналық тексеруге) алдын ала жазу медицина қызметкерімен бақылаушылар құрамымен кезекшіліктің тапсыру мен қабылдау және сотталғандарды салыстыру жүргізу кезінде жүзеге асырылады. Сотталғанды госпитализациялау қажет болған жағдайда, оны түзеу мекемесінің медициналық санитарлық бөлімі стационарына ауыстырады.»;

Ережеге
N 1 қосымша

**Бас бостандығынан айыруға сотталғандардың сатуларына және пайдалануларына тыйым салынған заттардың, бұйымдардың, нәрселердің, құжаттардың және тамақ өнімдерінің ТІЗБЕСІ**

Ескерту: 1-қосымшаға толықтырулар енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2004.05.27 N 154, 2009.06.29 N 78 бұйрықтарымен.

Азаматтық айналымнан алып қойылған заттар, бұйымдар мен нәрселер:

Атыс және суық карулардың барлық түрлері.

Көлік құралдары.

Жарылғыш, уландырғыш және өртке қауіпті заттар.

Ақша, бағалы заттар, бағалы қағаздар.

Оптикалық құралдар.

Тәрбие колониялары мен түрмелерде қол және қалта сағаттары.

Жылытуды қажет ететін тамақ өнімдері (коФе мен шайдан басқа),ашытқы, қант.

Алкогольды ішімдіктердің барлық түрлері, сыра.

Әтір, иіс су және спирттік негіздегі өзге де бұйымдар.

Есірткілік және дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар.

Жазу машинкалары, көбейту аппараттары.

Пышақтар, басқа да өткір кескіш және қадалатын заттар, оттықтар.

Балталар, балғалар және басқа құралдар.

Ойын карталары.

Фотоаппараттар, фотоматериалдар, химикаттар, бейне-кинокамералар, бейне магнитофондар.

Кез-келген құжаттар (соттың өкімі мен ұйғарымы, ақшасын, заттарын, бағалы бұйымдарын сақтауға тапсырғаны туралы квитанцияларынан басқа).

Топографиялық карталар, компастар.

Өзіне тиесілі әскери және басқа нысанды киімдер, сондай-ақ белгіленбеген үлгідегі сырт киім, бас киімдер және аяқ киім (шәркейден басқа).

Түрлі-түсті қарындаштар, бояулар, көшіру қағаздары.

Рация және басқа да мобильдік байланыс, оның ішінде олардың зарядтау қондырғылары, Sim карталар және ақпаратты электрондық жеткізуші, мобильді телефондарға арналған құралдары.

Ескертпе: Айрықша режимдегі колониялардың камералық үлгідегі

үй-жайларында, жалғыз адамдық камераларында ұсталушы сотталғандарға, сондай-ақ түрмелердегі қатаң режимге ауыстырылғандарға шай сатып алуға және сақтауға рұқсат етілмейді.

Ережеге
N 2 қосымша

**Сотталғандарға өздерімен бірге ұстауға, посылкалармен, сәлемдемелермен, бандерольдермен алуға, ТМ дүкендерінен сатып алуға рұқсат етілетін заттар мен бұйымдардың ТІЗБЕСІ**

Ескерту. 2-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2004.06.08. N 173, 2005.05.12. N 128, 2007.10.02. N 273 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Бұйрықтарымен.

Темекі өнімдері, сіріңкелер (кәмелетке толмаған сотталғандардан басқа).

Сотталғандар үшін белгіленген үлгідегі киім, бас киімдер, аяқ киім және төсек-орын жабдықтары.

Іш киімдер (жылы және жай).

Бет орамал, белдік, шұлық-ұйық бұйымдары, колготка, бес саусақты қолғап, қолғап, бөлме ішінде киетін тапочка, спорттық аяқ киім, жіп, мойын орағыш, сүлгі.

Туалет жабдықтары (иіс, шаруашылық сабындары, тіс щеткасы, тіс ұнтағы, тіс пастасы, кремдер, тарақ).

Үш бұрышты орамал, рейтуз, белдік, бюстгальтер, дәке, гигиеналық пакет, шаш қыстырғыш, вазелин, мақта, су сабын, косметикалық бұйымдар (әйелдердің бетіне арналған).

Айна, электрлік не болмаса механикалық ұстара, қауіпсіз ұстара (бір рет қолданылатын).

Етік щеткасы және киімге арналған щетка, аяқ киім кремі.

Ыдыс-аяқтар, көзәйнек қабы, сабын және пластмассадан жасалған тіс щеткасы, кружка, қасық.

Картадан басқа стол ойындары.

Оқулық, оқушы дәптері, пошталық конверт, құттықтау хат, марка, жай қарандаш, автоқалам, сия мен қара, көк және сия түсті стерженьдер.

Әдебиет.

Фотокарточкалар, фотоальбомдар.

Спорттық костюмдер.

Заводта жасалған тұрмыстық электроқайнатқыштар.

Бағалы емес металдардан жасалған денеге тағатын крестиктер және

табынатын заттар.

Балдақ, ағаш қолтаяқ, протездер, мүгедектерге арналған арбалар, қымбат бағалы емес металдардан жасалған оправасы бар көзәйнектер, контактілік линзалар және оларды күтіп-баптау құралдары (дәрігердің рұқсаты бойынша).

Бағалы емес металдан жасалған қол немесе қалта сағат (ТК және түрмелерден басқа).

Теледидарлық қабылдағыштар мен радиоқабылдағыштар.

Телефонның Smart-карталары.

Ескертпе:

1. Көрсетілген тізбе ТМ дүкендерінде қамтамасыз етіледі.

2. Сотталғандарды басқа мекемеге ауыстыру кезінде өзімен бірге тек жеке заттарын, тамақ өнімдерін және олардың белгіленген тәртіппен сатып алған бірінші кезекте қажет заттарын алуға ғана рұқсат етіледі.

3. Сотталғанның өзімен бірге алуына болатын тамақ өнімдерінің, бірінші кезекте қажет заттардың, аяқ киімдердің, киімдердің және басқа өндірістік товарлардың мөлшерін жергілікті жағдайлар мен мүмкіндіктерге қарай мекеме бастығы анықтайды. Сотталғанға тиісті тамақ өнімдерінің, бірінші кезекте қажет заттардың, аяқ киімдердің, киімдердің және басқа өндірістік товарлардың жалпы салмағы қоймадағыны қоса есептегенде 50 килограмнан аспауы тиіс.

4. Теледидарлық қабылдағыштар мен радиоқабылдағыштар тек ұжымдық пайдалану үшін сатып алынады және әкімшілік белгіленген орынға ғана орналастырылады.

5. Сотталғандардың осы тізбеде көрсетілмеген бірінші кезекте қажетті заттарды, өндірістік товарларды және өзге де заттар мен құралдарды сақтауларына жол берілмейді.

Ережеге
N 3 қосымша

**Сотталғандардың үлгілік
КҮН ТӘРТІБІ**

Ескерту: Күн тәртібіне өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2005 жылғы 29 желтоқсандағы N 345 бұйрығымен.

Тұрғызу - таңертеңгі сағат 5-7-дан кеш емес.

Дене шынықтыру (ұзақтығы) - 15 минутқа дейін.

Туалет, төсек жинау - 10 минутқа дейін.

Таңертеңгілік қарау, таңертеңгілік және кешкілік тексеру 40-минутқа дейін.

Таңертеңгілік ас - 30 минутқа дейін.

Жұмысқа бөлу - 40 минутқа дейін.

Жұмыс уақыты - еңбек заңдарына сәйкес.
Түскі үзіліс - 1 сағатқа дейін.
Жұмыстан қайту, кешкі туалет - 25 минутқа дейін.
Кешкілік ас - 30 минутқа дейін.
Жеке уақыты - 1 сағатқа дейін.
Тәрбиелік шаралар - 1 сағатқа дейін.

Мәдени-бұқаралық жұмыстар, мектептегі, КТУ-дегі оқу - жеке график бойынша.

Ұйқыға дайындалу - 10 минутқа дейін.
Ұйқы (үзіліссіз) - 8 сағат.

Ескертпе:

1. Күн тәртібі әрбір түзеу мекемесінде жергілікті жағдайларға, күннің ұзақтығына, жыл маусымына қарай жасалады.

2. Егер сотталғандар өндірісте бірнеше ауысыммен жұмыс істеген жағдайда күн тәртібі әрбір ауысым үшін жасалады.

3. Карантин бөлімшесінде, жаза өтеудің қатаң жағдайында, камералық үлгідегі үй-жайларда, айрықша режимдегі жалғыз адамдық камераларда, айыптық, тәртіптік изоляторларында ұсталушы сотталғандар үшін күн тәртібі жеке белгіленеді.

Ережеге
N 4 қосымша

**Сотталғандар үшін омырауға және қолға тағатын айыру белгілерінің ҮЛГІСІ**

Ескерту. 4-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 8 маусымдағы N 173; 2010.10.26 N 292 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін, күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Бұйрықтарымен.

```
          Омырау белгісі                          қолға тағатын белгі
       ______________________                  ______________________
     |      А.А.Ахатов       |                |                      |
     |      4 отряд          |   40 мм        | Бригадир             | 80 мм
     |                       |                |                      |
     |                       |                |                      |
     |_______________________|                |______________________|
                90 мм                                  300 мм
```

Омырау белгісі қолда бар ақ түсті матадан 90х40 мм көлемімен тікбұрышты түрде дайындалады.

Белгінің ортасында баспахана бояуымен сотталғанның тегі, аты, әкесінің аты және отряд номері (бөлімшесі) көрсетіледі, ал шет-шеті 5 мм жалпақтықпен әдіптеледі.

Сотталғандардың қатарындағы бригадирлер және шеберлер 80х300 мм көлемдегі, тікбұрышты нысанда "Бригадир", "Шебер" деген тиісті жазулары бар жұмыс орынында ғана тағылып байланатын шүберек тағып жүреді. <*>

Омырау белгілері киімге кеуденің оң жағына тігіледі, қолға тағатын белгілер сол қолдың жеңіне тағылады.

Ережеге
N 5 қосымша

**Сотталғандарды жеке мәселелер бойынша қабылдау Журналы**

_______________________________________________
(қабылдауды жүзеге асырушы лауазымды адамның қызметі, шені және тегі)

_______________________________________________

Басталды____________________

Аяқталды________________ ________________________

| р/с N | қабылдау (өтініш берген) датасы | қабылдауға келген адамның тегі, аты-жөні | қойылған сұрақтардың мазмұны | қабылданған шешімдер | Орындалуы туралы белгі |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |

Ескертпе:

Журнал екі бөлімнен тұрады, номерленген, бау өткізілген, мөрленген және түзеу мекемесі кеңсе қызметкерінің қол қоюымен расталған болуы тиіс.

Ережеге
N 6 қосымша

Жеке есеп шотта______ теңге Квит. N______
оның ішінде ТМ-де тапқан табысы______ теңге

*Бухгалтер*__________________

*Сотталған*________________

________________200___ жыл.

**Өтініш**

Маған төмендегідей товарларды сатып алуға рұқсат етуіңізді сұраймын:

| р/с N | Товардың атауы | Саны | Босатылған сома | |
|---|---|---|---|---|
| | | | Саны | Сомасы |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |

*Жиыны*___________________

___________________

*(сотталғанның қолы)*

**қолхат**

______________________________ сомаға товар алдым.

(жазумен)

Осы соманы менің жеке есеп шотымнан шығаруды сұраймын.

___________________

*(сотталғанның қолы)*

200__ жылғы ____________

Ережеге

N 7 қосымша

**N____ КУӘЛІК**

19___жылы, ____________________________ туған, ҚР ҚК-ның _________ бабы бойынша сотталған___________________________________ берілді.

(сотталғанның тегі, аты, әкесінің аты)

Мерзімнің басталуы_______, мерзімнің аяқталуы _______,

_______________________________________________________________

(ҚР ҚАК 93 бабына сәйкес шығу негізін көрсету керек) байланысты_______ тәулікке, оның _______ тәулігі жолға, оған түзеу мекемесінен (тергеу изоляторынан) ұзақ мерзімге, қысқа мерзімге (керегінің асты сызылсын) _________________________________

___________________________________

(сотталғанның келетін жері)

шығуға рұқсат етілуіне орай берілді.

Ол 200__ жылғы_____________________________________________

_________________ мекен-жайдағы жазасын өтеп жүрген түзеу

мекемесіне (тергеу изоляторына)_______________ қайтуға міндетті.
(атауы)

телефон, телефакс _______________________

Фотосуретке арналған орын

Мекеме бастығы____________
(тегі)
____________
(қолы)

200___жылғы __________________

Ішкі істер органы бастығының сотталғанның келуі және кетуі жөніндегі белгісі

(ТМ-нің елтаңбалы мөріне арналған орын)

Келді___________________________
(датасы, қолы, елтаңбалы мөр)

Кетті____________________________
(датасы, қолы, елтаңбалы мөр)

________________________
(сотталған қол қоятын орын)

**N ___ КУӘЛІКТІК ТҮБІРШЕГІ**

Түзеу мекемесі (тергеу изоляторы) бастығының 200____ жылғы____ N____бұйрығының негізінде сотталғанға__________________________
(тегі, аты, әкесінің аты,
_____________________________________________________________
туған жылы, ҚР ҚК-нің бабы, мерзімі, мерзімінің басталуы және
_____________________________________________________________
аяқталуы)
_____________________________________________________________
(ҚР ҚАК 93 бабына сәйкес шығу негізін көрсету керек)

байланысты ұзақтығы ____ тәулік, оның ____ тәулігі жолға, түзеу мекемесінен (тергеу изоляторынан) ұзақ мерзімге, қысқа мерзімге
(керегінің асты сызылсын)
_____________________________________________________________
(сотталғанның келетін жері)

шығуға рұқсат берілді.

Куәлік 200_____ жылғы _______________ берілді.

________________________________
*(сотталғанның қолы)*

200_____ жылғы__________________келді.

200_____ жылғы__________________кетті.

*Арнайы есепке алу бөлімінің бастығы*______________________________

*(т е г і )*

__________________________________

*(қолы)*

Е р е ж е г е
N 8 қосымша

Мен, төменде қол қоюшы сотталған________________________________

(тегі, аты, әкесінің аты)

осы қолхатты қысқа (ұзақ) мерзімге түзеу мекемесінің (ТИ-ның) шегінен тыс жерге шығудың тәртібі маған түсіндірілгендігі жөнінде беремін.

Маған бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеуден жалтарғаным үшін ҚР ҚК-нің 359 бабы бойынша жауапқа тартылатыным ескертілді.

200____ жылғы______________

____________________

*(сотталғанның қолы)*

Қолхатты қайтарып алдым____________________

*(лауазымы, шені, тегі)*

____________________

*(қолы)*

Е р е ж е г е
N 9 қосымша

Ескерту: 9-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2010.12.22 № 341 (ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

**Сотталғандарды пайдалануға тыйым салынатын жұмыстар мен лауазымдардың Тізбесі**

Қылмыстық-атқару жүйесінің аумақтық органдарының департаменттеріндегі, бөлімдеріндегі (қызметіндегі) барлық жұмыстар мен лауазымдарға; ҚР ішкі істер министрлігі мен департаменттерінің басқа құрылымдық бөлімшелеріне; штабтардың және басқа да құрылымдық бөлімшелердің (қызметтердің) мекемені күзетуді жүзеге асырушы жеке құрам орналасқан, карулар, қызметтік құжаттар, арнаулы техникалық құралдар бар (сақтаулы) үй-жайларындағы барлық жұмыстар мен лауазымдарға.

Сотталғандардың бұдан басқа:

- техникалық күзет құралдарын, сондай-ақ ішкі тыйым салынған аймақта орналасқан инженерлік күзет құралдарына қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі жұмыстарға;
- көбейту, радиотелеграф, телефон, телефакс техникаларымен;
- дәрі-дәрмектерді, жарылғыш, уландырғыш және улы заттарды есепке алумен, сақтаумен және берумен байланысты жұмыстарға;
- оларға ерікті жалданушы қызметкерлерді бағындырумен байланысты жұмыстар;
- жедел машина жүргізушілері ретінде;
- сатушы, бухгалтер-операционист, кассир, азық-түлік, зат, сондай-ақ күрделі және қымбат жабдықтары бар қойманың меңгерушісі ретінде жұмыс істеуге жол берілмейді.

Ережеге
N 10 қосымша

**Сотталғандарға кездесулер, телефонмен сөйлесулер, посылкалар, бандерольдер беру тәртібі және ұсталу жағдайы бойынша дүкеннен товар алудың тиістілік нормасы жөніндегі Кесте**

Ескерту. 10-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 8 маусымдағы N 173 бұйрығымен.

| Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексі | айына Дүкен | жылына кездесулер ұзақ мерзімді | жылына кездесулер қысқа мерзімді | жылына телефонмен сөйлесулер | жылына посылкалар | жылына бандерольдер |
|---|---|---|---|---|---|---|
| дағдылы | 4 айлық е/көрс. | 4 | 4 | шектеусіз | 6 | 6 |
| Жалпы жеңілдетілген | 8 айлық е/көрс. | 6 | 6 | шектеусіз | 12 | 12 |
| Әбден жеңілдетілген | шектеусіз | | | | | |
| қатаң т/т-на | б/б а/о жағд. | 2 | 2 | ерекше | 3 | 3 |

дағдылы 3 айлық 3 3 шектеусіз 4 4
е/көрс.

қатаң жеңілде. 7 айлық 4 4 шектеусіз 6 6
тілген е/көрс.

Әбден жеңілдетілген шектеусіз

қатаң б/б а/о 1 2 ерекше 2 2
т/т-на жағд.

дағдылы 2 айлық 2 2 шектеусіз 3 3
е / к ө р с .

Айрықша жеңіл. 5 айлық 3 3 шектеусіз 4 4
детілген е/көрс.

қатаң б/б а/о - 2 ерекше 1 1
т/т-на жағд.

жалпы 3 айлық 2 2 шектеусіз 2 2
е/көрс.

Түрме қатаң 1 айлық - 2 ерекше 1 1
е/көрс. жағд.

дағдылы 5 айлық 2 6 шектеусіз 8 8
е/көрс.

Тәрбие жеңілде. 10 айлық 4 12 шектеусіз 12 12
к о л о . т і л г е н е / к ө р с .
н и я с ы

әбден жеңілдетілген шектеусіз

қатаң 2 айлық - 4 ерекше 4 4
е/көрс. жағд.

Ескертпе: хаттар шектеусіз жіберіледі, сотталғанның өтініші бойынша оларға түзеу мекемесіне келуі бойынша қосымша телефон

сөйлесулеріне рұқсат берілуі мүмкін.
айлық есептік көрсеткіш - е/көрс.
бас бостандығынан айыру орындарына тапқан табысы - б/б а/о т/т
ерекше жағдайларда - ерекше жағд.

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2001 жылғы 11 желтоқсандағы
N 148 бұйрығымен бекітілген
Түзеу мекемелерінің ішкі
тәртіп ережелеріне
11-қосымша

Ескерту. 11-қосымшамен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 27 мамырдағы N 154 бұйрығымен; жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің м.а. 2010.10.26 N 292 Бұйрығымен.

## Бекітілген киім үлгісін сипаттау

ӨБА және ӨЖ сотталғандар үшін бекітілген киім үлгісін (қара түсті) ені 3 см. болатын ақ түсті үш жолақтарды арасы 2 см. шалбардың балағына және куртканың жеңіне тігілген. Курткалардың және жылы сырт киімдердің үстінен көлемі 15х8 см. болатын трафаретпен «ӨБА» немесе «ӨЖ» жазу жазылған. Ішкі киімдер мақта бұлынан болуы тиіс. Сотталғандар камерада темір бөліктері жоқ жұмсақ тәпішке киюі керек.

тәрбие колониясында және жалпы режимдегі сотталғандар үшін бекітілген киім үлгісі – қою сұр түсті, ені 3 см. болатын жарық шағылысатын бір жолақ шалбардың балағына, куртканың жеңіне және арқа мен кеуденің ені бойынша тігілген;

Қатаң режимдегі сотталғандар үшін бекітілген киім үлгісі – қою қоңыр түсті, ені 3 см. болатын жарық шағылысатын бір жолақ шалбардың балағына, куртканың жеңіне және арқа және кеуденің ені бойынша тігілген;

Түрме және ерекше режимдегі сотталғандар үшін бекітілген киім үлгісі – қара түсті, ені 3 см. болатын жарық шағылысатын бір жолақ шалбардың балағына, куртканың жеңіне және арқа мен кеуденің ені бойынша тігілген;

Сотталған әйелдер үшін бекітілген киім үлгісі – қою көк түсті, ені 3 см. болатын жарық шағылысатын бір жолақ арқа мен кеуденің ені бойынша тігілген;

Айып изоляторларында (тәртіптік изоляторларында) және камера үлгідегі үй жайдағы (жалғыз камерада) ұсталынатын сотталғандар үшін бекітілген киім үлгісі – қызғылт сары түсті, ені 3 см. болатын жарық шағылысатын бір жолақ шалбардың балағына, куртканың жеңіне және арқа мен кеуденің ені бойынша

тігілген. Курткалардың және жылы сырт киімдердің үстінен көлемі 15х8 см. болатын жазу «АИ», «ТИ», «КҮҮЖ» немесе «ЖК» трафарет арқылы түсіріледі.

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2001 жылғы 11 желтоқсандағы
N 148 бұйрығымен бекітілген
Түзеу мекемелерінің ішкі
тәртіп ережелеріне
12-қосымша

Ескерту. 12-қосымшамен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 27 мамырдағы N 154 бұйрығымен.

## Түрмеде ұсталатын ӨБА-ға және ӨЖ-ға сотталғандар камераларында рұқсат етілетін бұйымдар мен заттардың Тізбесі

Төсек керек-жарақтары:

Матрас - 1 дана; көрпе - 1 дана; ақжайма - 2 дана; жастық - 1 дана; жастық тысы - 1 дана; сүлгі - 2 дана (әрқайсысы 50 см. аспайды).

Жеке гигиена бұйымдары:

Тіс пастасы (пластмасса ыдыста) - 1 дана; тіс щеткасы - 1 дана; электрлі бритва - 1 дана; сабын, губкадан жасалған жуғыш (монша боксында, камераның артында бекітілген ұяшықта болады), бір жолғы бритва станогы (бекеттегі кезекші бақылауымен моншаға түскен кезде беріледі).

Жазу керек-жарақтары:

Жазу қағазы (металл скрепкаларсыз); пластмассалық корпустағы көк түсті сиясы бар автоқалам; қарындаш.

Ыдыс-аяқ:

Пластмассалық тәрелке (тамақ ішу уақытында беріледі); пластмассадан немесе ағаштан жасалған бокалдар мен қасықтар (камерада болады).

Өзге де керек-жарақтар:

Ине мен жіп (корпус бойынша аға қызметкер белгілі бір уақытқа береді); сотталғандардың жеке хаттары; туыстарының фотосуреттері; үстел ойындары шахмат, шашки, домино (картоннан жасалған); ТМ әкімшілігі темекі керек-жарақтарымен қамтамасыз етпейді, ал олардың сотталғандарда болған кезінде олар серуендеу ауласына жақын камераға бекітілген ұяшықта сақталады.

ТМ ішкі тәртіп ережесіне
13-қосымша

Ескерту. 13-қосымшамен толықтырылды, өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2004.08.24 N 240, 2010.12.22 № 341 (ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрықтарымен.

**А К Т**

200__ж. "___"_______ _________облысы бойынша ҚАЖКБ__ -ТМ

Біз төменде қол қойғандар ________________________________________

(лауазымы, атағы, аты-жөні көрсетілуі керек)

________________ облысы бойынша ҚАЖК ҚАЖД __________ ТМ-нен, ______ __________ облысы бойынша ҚАЖК ҚАЖД __________ ТМ-не келген ___________________________________________________________________

(жеке ісіндегі кемшіліктер, ауырулары, киімінің маусым бойынша сай келуі көрсетілсін)

___________________________________________________________________

___________________________________________________________________

сотталған__________________________________________________________

(аты, жөні, туған жылы, сотталған бабы, мерзімі)

___________________________________________________________________

қабылдау кезінде осы актіні жасадық.

____________________________ ____________________

(лауазымы, атағы, (лауазымы, атағы,

____________________________ ____________________

аты-жөні) аты-жөні)

Ескерту: акті 3 данада жасалады, бірінші данасы облыстар, Астана қ-сы бойынша ҚАЖК ҚАЖД-не, екінші данасы сотталғанның келген ТМ-не және үшіншісі сотталғанның жеке ісіне тігіледі.

ТМ ішкі тәртіп ережесіне

14-қосымша

Ескерту: 14-қосымшамен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 24 тамыздағы N 240 бұйрығымен.

**Түзеу қоныс-колонияларындағы сотталғандарға берілетін куәлік нысанының сипаттамасы**

**N ___ куәлік**

Құжаттың бірінші (беткі) жағында "Куәлік" деген жазу Екінші жағында мынадай мазмұндағы мәтін: __________________________________________________________ мекемесі

(шартты атауы)

Мұны көрсетуші сотталған ___________________________________________

(аты-жөні)

_______________________________________ мекемесінде есепте тұр.

(шартты атауы)

фотокәртішкеге арналған орын 3x4 М. О.

Оған мына мекен-жай бойынша тұруға рұқсат берілген: ______________________________________

(мекен-жайы)

-------------------------- ҚК бастығы ___________________________

(куәлік иесінің қолы) (атағы, аты-жөні, қолы)

Үшінші бетінде мынадай мазмұндағы мәтін:

"____" ____________ 200 ж. дейін жарамды.

ҚК бастығы ________________________________________________________

(атағы, аты-жөні, қолы)

"____" _________________ 200 ж. дейін жарамды.

ҚК бастығы ________________________________________________________

(атағы, аты-жөні, қолы)

Ескерту: Түзеу қоныс-колонияларындағы сотталғандарға қызыл түстен басқа кез-келген түстегі материалдан жасалған 100 х 50 мм форматтағы куәлік беріледі.

ТМ ішкі тәртіп ережесіне

15-қосымша

Ескерту: 15-қосымшамен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 24 тамыздағы N 240 бұйрығымен.

**ҚК аумағында немесе одан тысқары жерде жалға алынған немесе жеке тұрғын үй ауданында өз отбасымен тұруға**

**ҚАУЛЫ**

Сотталған ________________________________________________________

(аты-жөні)

еңбек етуге адал қарайды және жазаны өтеудің барлық талаптарын сақтайды әрі өзінің отбасы бар.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің 125-бабын басшылыққа алып

**ҚАУЛЫ ЕТЕМІН**:

Сотталған ________________________________________________________

(аты-жөні)

еңбек етуге адал қарағаны және үлгілі мінез-құлқы үшін мына мекен-жай бойынша отбасымен бірге тұруға рұқсат етілсін:

________________________________________________________

(тұратын мекен-жайы көрсетілсін)

________________________________________________________

ҚК бастығы ________________________________________________________

(атағы, аты-жөні, қолы)

"____" ________________ 200 ж.

Қаулы маған хабарланды, қоныс-колниясынан тысқары тұру тәртібі түсіндірілді. ҚК-на тіркеуден өту үшін айына 4 рет келуге міндеттенемін.

"___" _____________ 200___ж.

_______________________________

(сотталғанның аты-жөні, қолы)

ТМ ішкі тәртіп ережесіне 16-қосымша

Ескерту: 16-қосымшамен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 24 тамыздағы N 240 бұйрығымен.

**ҚК тысқары жерде жалға алынған немесе жеке тұрғын үйауданында өз отбасымен тұру құқығынан айыру туралы ҚАУЛЫ**

Сотталған ________________________________________________

(аты-жөні)

200___жылғы "___" ___________ ______________________________

(жүріп-тұру ережесін бұзуға жол берілген

____________________________________________________________

жағдаяттар мен сипаты не қоныс-колониясынан тысқары тұру

____________________________________________________________

құқығынан айыруға негіз болған себептер баяндалады)

Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің 111-бабын басшылыққа алып

**ҚАУЛЫ ЕТЕМІН**:

Сотталған ________________________________________________

(аты-жөні)

200 ___жылғы "___" ________ бастап қоныс-колониясынан тысқары тұру құқығынан айырылсын.

ҚК бастығы ________________________________________

(атағы, аты-жөні, қолы)

"___" _________________ 200 ж.

ТМ ішкі тәртіп ережесіне 17-қосымша

Ескерту: 17-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің м.а. 2010.09.27 N 268 (ресми жариялаған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

нысан

## № ____ еңбек шарты

____________________________________ «__» _______ 2010 ж
(елді мекеннің атауы)

1. Жұмыс беруші _______________________________________________
(ұйымның толық атауы, мекен-жайы, тегі, аты-жөні)
20__ жылғы ______ № ______________ заңды және жеке тұлғаның (жеке кәсіпкер) тіркеу туралы куәлігі, СТН (ЖСН, БСН) ___________________, Жарғының (Ереже) негізінде әрекет ететін, бұдан әрі «Жұмыс беруші» деп аталатын ___________________________________________________________
атынан ______________________________________________________________,
лауазымы
азамат (ша) __________________________________________________________
(тегі, аты, әкесінің аты)
жеке куәлігі/ төлқұжаты № _____________, 20____жылғы «__»__________ ҚР ____ берілген, СТН (ЖСН) ______________, ӘЖК __________________, бұдан әрі « Қызметкер» деп аталатын және мекеме Жарғысының негізінде әрекет ететін,____ ____________________________________бұдан әрі «Мекеме» деп
(мекеменің толық атауы, мекен-жайы)
аталатын, мекеме бастығы __________________ атынан, бір тараптан, төмендегі туралы осы еңбек шартты (бұдан әрі – Шартты) жасасты:

## 1. Шарттың мәні

2. «Мекеме» _____________________________________________«Қызметкерді»
(тегі, аты, әкесінің аты)
«Жұмыс берушінің» ведомствосының қарамағындағы учаскелерінде жұмыстарды орындау үшін жұмысқа орналастырып отыр.
3. «Жұмыс беруші» «Қызметкерге» ____________________________________
(лауазым атауы)
лауазымында жұмыс ұсынып, «Қызметкер» лауазымдық міндеттерін Қазақстан Республикасы заңнамасы мен «Жұмыс берушінің» актілеріне сәйкес атқарады. Жұмыстың орындалу орны _________________________________________
(мекен-жай көрсетіледі)
4. «Қызметкердің» еңбек талаптары зиянды, ауыр және қауіпті жағдайлармен байланысты емес және Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген еңбекті қорғау бойынша стандарттарға, ережелерге және нормаларға сай болып келеді.

## 2. Шарттың мерзімі

5. Осы Шарт 20____жылғы «__»____бастап, 20____жылғы «__»____ дейінгі мерзімге жасалды.
6. «Қызметкер» 20____жылғы «__»________ бастап міндеттерді орындауға кірісті.
7. «Қызметкерге» жұмыс талаптарын орындауға сәйкестігін тексеру мақсатында_ ________________________________________ дейін сынақ мерзімі (жазбаша түрде күнтізбелік ай/ күндер) белгіленеді.

## 3. Қызметкердің құқықтары мен міндеттері

8. «Қызметкер»:

1) Еңбек кодексімен (бұдан әрі – Кодекс) және Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексімен көзделген тәртіпте және талаптарда еңбек келісімшартын жасасуға, өзгертуге, толықтыруға және бұзуға;
2) «Жұмыс берушіден» осы Шарттың талаптарын орындауды талап етуге;
3) еңбекті қорғау және қауіпсіздікке;
4) еңбек талаптары мен еңбекті қорғаудың жай-күйлері туралы толық және шынайы ақпаратты алуға;
5) осы Шарттың талаптарына сәйкес жалақыны уақытылы және толық көлемде алуға;
6) Кодекс талаптарына сәйкес жұмыс тоқтап қалған кезде ақы алуға;
7) демалысқа, оның ішінде төленетін жыл сайынғы еңбек демалысына;
8) Кодекспен көзделген тәртіпте кәсіби дайындыққа, қайта дайындыққа және өз біліктілігін арттыруға;
9) еңбек міндеттерін орындаумен байланысты денсаулыққа келтірілген зиянды өтеуге;
10) Қазақстан Республикасы заңдарымен көзделген жағдайда міндетті әлеуметтік сақтандыруға;
11) кепілдікке және өтемақы төлемдеріне;
12) өз құқықтары мен заңды мүдделерін заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға;
13) еңбек дауын шешу үшін таңдауы бойынша келісім комиссиясына, сотқа жүгінуге;
14) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарына сәйкестелген жұмыс орнына;
15) Қазақстан Республикасының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау

туралы заңнамасында, сондай-ақ осы Шартта көзделген талаптарға сәйкес жеке және ұжымдық қорғану құралдарымен, арнайы киіммен қамтамасыз етілуге;

16) өзінің денсаулығына немесе өміріне қауіп төндіретін жағдай туындаған кезде, бұл туралы тікелей басшы немесе «Жұмыс берушінің» өкілін хабардар ете отырып, жұмысты орындаудан бас тартуға;

17) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі талаптарға сәйкес келмеу себебі бойынша ұйымның жұмысы тоқтатыла тұрған уақытта орташа жалақысының сақталуына;

18) еңбек жөніндегі уәкілетті органға немесе оның аумақтық бөлімшелеріне өзінің жұмыс орнындағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жағдайларын тексеру туралы өтініш жасауға, сондай-ақ, еңбек жағдайларын, қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды жақсартуға байланысты мәселелерді тексеру мен қарауға өкілдікпен қатысуға;

19) «Жұмыс берушінің» еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы іс-әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасауға;

20) біліктілікке, еңбектің күрделілігіне, орындалған жұмыстың саны мен сапасына, сондай-ақ, еңбек жағдайларына сәйкес еңбегіне ақы төленуіне құқылы.

9. «Қызметкер»:

1) еңбек, ұжымдық, «Жұмыс берушінің» актілеріне сәйкес еңбек міндеттерін орындауға;

2) еңбек тәртібін сақтауға;

3) жұмыс орнында өрт қауіпсіздігі мен өндірістік санитария, сондай-ақ, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарын сақтауға;

4) «Жұмыс беруші» мен қызметкерлердің мүліктерін ұқыпты ұстауға;

5) адамдардың денсаулығына, өміріне немесе мүліктің сақталуына қауіп төндіретін жағдай туындаған кезде, сондай-ақ, жұмыс тоқтатылып қалған кезде « Жұмыс берушіге» хабардар етуге;

6) Кодекспен көзделген талаптарға сәйкес «Жұмыс берушіге» келтірілген зиянды өтеуге міндетті.

## 4. Жұмыс берушінің құқықтары мен міндеттері

10. «Жұмыс беруші»:

1) жұмысқа қабылдауда таңдау еркіндігіне;

2) Кодекспен көзделген тәртіпте және негіздеме бойынша «Қызметкер» мен « Мекеме» арасында жұмысқа орналастыру туралы шартты өзгертуге, толықтыруға, бұзуға;

3) өз өкілеттері шегінде актілер шығаруға;

4) өкілдік ету және өз құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында

бірлестіктер құруға және бірлестік қатарына енуге;

5) «Қызметкерден» еңбек, ұжымдық талаптарын, еңбек тәртібі ережелерін және «Жұмыс берушінің» өзге де актілерін орындауды талап етуге;

6) «Қызметкерге» Кодекспен көзделген жағдайларда және тәртіпте көтермелеуге, тәртіптік жаза қолдануға, материалдық жауапкершілікке тартуға және осы туралы «Мекемеге» хабарлауға;

7) еңбек міндеттемелерін орындау кезінде «Қызметкермен» келтірілген шығынды өтеуге;

8) еңбек саласында өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында сотқа жүгінуге;

9. «Қызметкерге» сынақ мерзімін белгілеуге құқылы.

11. «Жұмыс беруші»:

1) Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының, келісімдердің ұжымдық және еңбек шарттардың, өзі шығарған актілердің талаптарын сақтауға;

2) Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша ішкі бақылауды жүзеге асыруға;

3) «Қызметкерге» еңбек шартымен уағдаласқан жұмысты ұсынуға;

4) «Қызметкерге» жалақыны және Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерімен, еңбек және ұжымдық шарттармен, «Жұмыс берушінің» актілерімен көзделген басқа да төлемдерді уақытылы және толық көлемде төлеуге;

5) «Қызметкерді» «Жұмыс берушінің» актілерімен және ұжымдық шартпен таныстыруға;

6) «Қызметкерге» Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілеріне, еңбек және ұжымдық шарттарына сәйкес еңбек талаптарын қамтамасыз етуге;

7) «Қызметкерді» жеке қаражаты есебінен еңбек міндеттерін орындау үшін қажетті жабдықтармен, құралдармен, арнайы киіммен, техникалық құжаттамамен және де өзге де құралдармен қамтамасыз етуге, сондай-ақ, олардың сақталуын қамтамасыз етуге;

8) мемлекеттік еңбек инспекторларының ұйғарымын орындауға;

9) жұмысты жалғастыру «Қызметкердің» өміріне, денсаулығына және өзге де тұлғаларға қауіп тудыратын болса, жұмысты тоқтатуға;

10) «Қызметкерді» міндетті әлеуметтік сақтандыруды жүзеге асыруға;

11) «Қызметкердің» еңбек міндеттерін орындаған кезде өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянға азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыруға;

12) «Қызметкерге» жыл сайынғы төленетін еңбек демалысын ұсынуға;

13) «Қызметкердің еңбек қызметін растайтын құжаттардың және оның зейнетақымен қамтамасыз етілуіне ақша ұстау және ақша аудару туралы

мәліметтердің сақталуын және мемлекеттік мұрағатқа тапсырылуын қамтамасыз етуге;

14) «Қызметкерді» зиянды (өте зиянды) және (немесе) қауіпті еңбек талаптары және кәсіби ауруға ұшырасу мүмкіндігі туралы ескертуге;

15) жұмыс орындарда және технологиялық процестерде тәуекелдің алдын-алу бойынша шараларды қабылдауға, өндірістік және ғылыми-техникалық прогресті есепке ала отырып, алдын-алу жұмыстарын жүргізуге;

16) «Қызметкермен» орындалған жұмыс уақытының ұзақтығына, оның ішінде үстеме және ауыр, қауіпті, зиянды (өте зиянды) жағдайларда орындалған жұмысқа нақты есеп жүргізуге;

17) «Қызметкердің» өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес өтеуге;

18) өндірісте орын алған қайғылы жағдайлар мен кәсіби аурулар бойынша тергеу жүргізу, сондай-ақ, мекемедегі қауіпсіздік, еңбек талаптары мен қорғаудың жай-күйін тексеруді жүргізу үшін еңбек бойынша уәкілетті органның және еңбек бойынша уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелерінің, «Мекеменің» лауазымды тұлғаларын, қоғамдық еңбек инспекторларын кедергісіз енгізуге;

19) «Қызметкермен» жұмысқа барып-келе жатқанда және өндіріс объектісінде болған әрбір қайғылы оқиғаларды тергеу бойынша комиссиясын құруға. Болған қайғылы оқиғалар жөнінде актілер ресімдеу және Н-1 нысаны бойынша есеп жүргізуге. «Жұмыс берушімен» бекітілген Н-1 нысанындағы актінің екі дана көшірмесі «Мекемеге» жіберіледі. Қайғылы оқиғаларды тергеу және есепке алу «Мекеме» өкілінің, ал ауыр, өлім жағдайына әкеп соқтырған тергеуге жоғарыда тұрған орган өкілінің қатысуымен жүзеге асыруға;

20) «Қызметкердің» жұмыс уақыты ішінде еңбек тәртібін сақтауына бақылау жүргізуге (спирттік ішімдіктерді қабылдау, жұмыс орнын орынды себепсіз тастап кету т.б. деректерді болдырмау жөнінде). Еңбек тәртібі бұзылған жағдайда «Мекемеге» хабардар етуге;

21) «Қызметкерді» жұмыс орнына және «Мекемеге» көлікпен жеткізуді қамтамасыз етуге;

22) «Қызметкер» жұмыс орнынан қашып кеткен жағдайда «Жұмыс беруші» мекемеге ұстауға және алып келуге көмек көрсетеді;

23) жұмыс орындарды суық мезгілде жылыту құралдармен жабдықтауға, «Қызметкерге» алғашқы медициналық көмек көрсету үшін дәрі қобдишасымен қамтамасыз етуге;

24) наряд-тапсырма мерзімін есеп беру айынан кейінгі айдың бірінші күнінен асырмай жабуға. Есеп беру айынан кейінгі айдың үшінші күніне дейін «Мекемеге» сотталғандардың жалақысы туралы тізілімді ұсынуға;

25) заңнамамен белгіленген шегерулер жүргізілген соң, жалақының қалдық сомасын міндетті түрде Қылмыстық-атқару кодексінің 103 бабы бойынша шегерулерді жүргізу үшін қоныс колонияның депозиттық шотына аударуға міндетті.

«Мекеменің» құқықтары мен міндеттері

12. «Әкімшілік»:

1) өндіріс объектілеріндегі сотталғандарды бақылау және қадағалау үшін « Қызметкер» жұмысқа орналасқан объектіге баруға құқылы.

13. «Әкімшілік»:

1) «Жұмыс берушімен» ұсынылған есептік қажеттілікке сәйкес, « Жұмыскердің» дер уақытында объектіге шығуын қамтамасыз етуге міндетті.

## 5. Жұмыс уақыты және демалыс уақыты

14. «Жұмыскерге»:

1) аптасына 40 сағаттан аспайтын қалыпты ұзақтықпен екі демалыс күнімен бес күндік жұмыс аптасы бекітіледі;

15. Жұмыс күні басталу және аяқталу уақыты (ауысымдар) демалуға арналған үзілістер мен тамақ ішу ішкі еңбек тәртібінің ережесімен бекітіледі.

16. «Жұмыскер» Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген ретпен мереке және демалыс күндері мерзімінен артық жұмысқа тартылуы мүмкін.

17. «Жұмыскерге» негізгі 24 күнтізбелік лауазымы және орташа еңбек ақысының сақталуымен ұзақтығы _____ күн қосымша жыл сайын төленетін еңбек демалысы беріледі.

18. Жыл сайын төленетін еңбек демалысы «Жұмыскердің» қалауы бойынша бөлініп, тек өндірістік мүмкіншілік есебімен «Жұмыс берушінің» келісімімен ғана пайдалануы мүмкін.

19. Жыл сайын төленетін еңбек демалысы «Жұмыс берушінің» ұсынысы бойынша және «Жұмыскердің» келісімімен (демалыстан кері шақырылады) тоқтатылады.

20. Осы Шарт екі тараптың келісімі бойынша «Жұмыскердің» арызы негізінде оған еңбек ақының сақталуынсыз демалыс берілуі мүмкін.

## 6. Еңбек ақысы

21. «Жұмыскердің» еңбек ақысы бір айда бір реттен көп емес келесі есеп беру айда ___ төленеді. Бұл кезеңде жұмыс уақытының нормасын толықтай өтеген және еңбек нормасын орындаған (еңбек міндеттемелері) жұмыскердің айлық еңбек ақы мөлшері Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген айлық

еңбек ақының ең кіші мөлшерінен төмен болмауы керек.

22. Жұмыскерге еңбек ақысын төлеу «Мекеменің» жеке шотына аудару жолымен жүзеге асады.

## 7. Кепілдік және өтем

23. «Жұмыс берушінің» «Жұмыскердің» қаражаты есебінен кепілдік және өтем төлемі, әлеуметтік жәрдемақы Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген тәртіппен және мөлшермен, ұжымдық келісіммен, сонымен қатар осы Шартпен жүргізіледі.

24. Осы Шартты бұзған немесе тоқтатқан жағдайда «Жұмыскерге» жыл сайынғы қолданылмаған еңбек демалысына пропорционалды өтелген уақыт мөлшерінде өтем төленеді.

## 8. Еңбекті қорғау

25. «Жұмыс беруші» «Жұмыскердің» еңбек жағдайында қауіпсіздігі мен денсаулығын қамтамасыз етеді.

26. «Жұмыскер» «Жұмыс берушімен» берілген қажетті, жеке және ұжымдық қорғау құралдарын қолдануға міндетті, бекітілген уақытта медициналық қаралу және тексеруден, жұмыс берушінің актісіне сәйкес қауіпсіздік және еңбекті қорғау мәселесі бойынша білімін тексеруден, нұсқаулық беруден өтеді, « Жұмыскер» көрсетілген жағдайларды орындамаған жағдайда жұмыстан шығарылуға жатады, шығарылу уақыты аралығында оған еңбек ақы төленбейді.

## 9. Шартқа толықтырулар, өзгерістер енгізу және мерзімін ұзарту тәртібі

27. Осы шартқа өзгерістер мен толықтырулар Тараптардың келісімімен енгізіледі және жазбаша түрде ресімделеді әрі осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

28. Осы Шарттың жағдайларын Тараптар бір жақты тәртіппен өзгерте алмайды.

29. Осы Шарт Тараптардың келісімімен жаңа немесе бұрынғы жағдайлармен мерзімі ұзартылуы мүмкін.

## 10. Шартты тоқтату немесе бұзу

30. Осы Шарт Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында көрсетілген негіздер бойынша және тәртіппен тоқтатылуы немесе бұзылуы мүмкін.

31. Осы Шарттың тоқтатылуы немесе бұзылуы «Жұмыс берушінің» бұйрығымен ресімделеді.

## 11. Шарт тараптарының жауапкершілігі

32. Жұмысшы осы Шарттың жағдайларын орындамаса:
1) еңбек тәртібін бұзғаны үшін тәртіптік жауапкершілікті, яғни, «Жұмыскер» себебінен оған жүктелген еңбек міндеттемесін орындамағаны немесе тиісті орындамағаны үшін «Жұмыс беруші» Қазақстан Республиксының заңнамасына сәйкес, тәртіптік жаза қолдануға құқылы;
2) «Жұмыс берушіге» оның кесірінен келтірілген зияндығы үшін мынадай жағдайларда, «Жұмыскер» мен «Жұмыс беруші» арасында «Жұмыскерге» берілген мүлік және басқа бағалы заттарды сақтауды қамтамасыз етпеуді өзіне толық материалдық жауапкершілікті етіп алу туралы, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасына қарастырылған басқа да жағдайларда жазба түрдегі келісім бекітілгенде;
33. «Жұмыс беруші» осы Шарт жағдайларын орындамаған жағдайда:
1) «Жұмыскерді» өзінің жұмыс орнында еңбек ету мүмкіншілігін заңсыз айыру арқылы келтірілген зияндығы үшін, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасына қаралған ретпен оның кесірінен «Жұмыскердің» өмірі мен денсаулығына және оның мүлкіне залал келтіргені үшін материалдық жауапкершілікті;
2) Қазақстан Республикасының заңнамасына қарастырылған әкімшілік және басқа да жауапкершілікті;

## 12. Еңбек даулары

34. Еңбек заңдылығын қолдану мәселесі бойынша аталған Шарттың жағдайларын орындау туралы «Жұмыскер» және «Жұмыс беруші» арасындағы келіспеушілік Шарт Тараптарымен келіссөз жолымен реттеледі. Тараптардың келісімімен реттелмеген еңбек даулары келісу комиссиясында немесе сотта қаралады.

## 13. Басқа жағдайлар

35. Кез келген басқа құқықтар, міндеттемелер мен келісімде бекітілмеген Тараптардың қатынастары Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.
36. Келісім жасағаннан кейін «Жұмыс беруші» «Жұмыскерді» жұмысқа алу туралы бұйрық шығарылады.
37. Бұл Келісім қазақ және орыс тілдерінде 4 (төрт) дана болып

құрастырылады. Олардың әрқайсының жеке заңдық күші бар, оның ішінде әр тілдегі 1 данасы «Жұмыс берушілер» қызметкерлермен жұмыс істеу бөліміне, 1 – «Жұмыс беруші» есеп тобына, 1 – «Жұмыскерге», 1- «Мекемеге» беріледі.

38. «Мекеме» мынадай жағдайларда «Жұмыскерді» жұмыстан ішінара немесе толықтай шығарып жібереді:

1) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі ҚАЖК ҚАЖД тиісті нұсқау алу;

2) Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінде қаралған мерзімін өтеуге байланысты немесе басқа да себептермен сотталғандарды жазасынан босату;

3) табиғи апаттар;

4) «Жұмыс берушімен» Шарт міндеттемесінде қаралғанды сақтамау;

5) «Жұмыскерлер» еңбек тәртібін ұстау және бұзу режимін сақтамау;

39. Осы Шарттағы 38-тармақтың 2 және 4 тармақшаларында қаралған « Жұмыскерді» жұмыстан шығару кезінде, «Жұмыс беруші» кем дегенде бір апта бұрын жазбаша түрде «Мекемелермен» ескертілуі керек.

40. Шарттың бітуіне дейін «Жұмыс берушінің» «Жұмыскерге» одан әрі жұмыс беруден бас тарту қажеттілігі пайда болған жағдайда, ол 30 күн бұрын бұл туралы жазбаша «Жұмыскер» және «Мекемеге» ескертуге міндетті.

«Жұмыс беруші» мен «Жұмыскердің» арасында пайда болған даулы мәселелер өзара тараптардың келісімімен шешіледі. Даулы мәселе шешілмеген жағдайда Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

## 14. Тараптардың қолдары

| | |
|---|---|
| Жұмыс беруші | Жұмыскер |
| Мекен жайы: | Мекен жайы: |
| ______________________ | ______________________ |
| қолы | қолы |
| М.Қ.Ж. | |

Мекеме

Мекен жайы:

_____________________

қолы

М.Қ.Ж.

16 жастан төмен «Жұмыскермен» еңбек шартын жасау кезінде еңбек шартына ата-анасының бірі (асыраушысы, қамқоршы) қол қояды.

Бұл Шарттың бір данасын алдым

____________________________________________________________________

(Т.А.Ә. толық, қолы, күні)

ТМ ішкі тәртіп ережелеріне 18-қосымша

Ескерту: Ереже 18-қосымшамен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің 2007.10.02. N 273 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

**Тексеру карточкасы**

```
                                                  |
                              |  Т. ___________________________________________
         3х4                  |  А. __________________________________________
      фотосуреті            |    Ә. _________________________________________
                             |  Туған  жылы  ________________________________
                            |  ҚР  ҚК  бабы  ________________________________
                                |  ______________________________________________
                                |  ______________________________________________
                                |  ______________________________________________
                                |  ______________________________________________
_ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ |

                        Мерзімі___________________________________________________
м/б  _________________________               м/б  _________________________
N  __________  жасақ                          N  ___________________  бригада
мекемеге            келген            уақыты               _________________
           күні
```

Карточка тығыз картоннан көлемі 7х10 см - де дайындалады.

ТМ ішкі тәртіп ережелеріне 19-қосымша

Ескерту: Ереже 19-қосымшамен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің 2007.10.02. N 273 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

**ТМ жіберілген және түскен сотталғандардың хаттарын тіркеу жорналы**

| N | Жіберілген/ түскен күн | Сотталғанның Т.А.Ә. | Адресаттың Т.А.Ә. | Жіберу мекен-жайы | Ескерту |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |

ТМ ішкі тәртіп ережелеріне 20-қосымша

Ескерту: Ереже 20-қосымшамен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің 2007.10.02. N 273 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

**Кездесу берілуі туралы өтініштерді тіркеу жорналы**

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | |

| N | Өтініш берген сотталғанның (не өзге адам - ның) Т.А.Ә. | Кездесуге келген адамдардың Т.А.Ә. | Кездесуге кім рұқсат берді | Бас тарту себебі, егер орынды болса | Ескерту |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК